



ӘЛЕУМЕТ

**42500 ТЕҢГЕ
КІМДЕРГЕ,
ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?**

2-БЕТТЕ



БІЛІМ

**ЖАҢА ОҚУ
ЖЫЛЫ ҚАЛАЙ
БАСТАЛАДЫ?**

5-БЕТТЕ



АБАЙ – 175

**БАРЛЫҒЫН БАУЫР
САНАУЫМЫЗ
КЕРЕК**

6-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ/ 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ASTANA



№83 (4052) | Бейсенбі | 16 шілде 2020 жыл

AQSHAMY



АБАЙЛАҢЫЗ, ДЕЗИНФЕКЦИЯ!

Кеше Нұр-Сұлтанда көпшілік жиналатын орындарда: саябақ, гүлзар, жағалау және басқа жерлерде ауқымды дезинфекция жүргізілді.

Қаланы дезинфекциялауға коммуналдық сала қызметкерлерімен бірге ТЖД мен мамандандырылған компания қызметкерлері қатысты. Дезинфекция жұмыстары жаяу және арнайы машиналардың көмегімен жүргізілді. Қалалық санитарлық дәрігердің қаулысына сәйкес, ірі сауда, ойын-сауық орталықтары, базарлар, сауда үйлері және басқа да көпшілік жиналатын орын басшылары жұмыс орындарында дезинфекция жүргізуі тиіс.

Қалада қазірге дейін 20 миллион шаршы метрден астам аумақта дезинфекция жасалды. Алдағы уақытта да дезинфекциялау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілетін болады. Сондықтан ТЖД мен мамандандырылған компания өкілдері қала тұрғындарын дезинфекция кезінде санитарлық талаптарды қатаң сақтауды сұрайды. Әсіресе, балаларды сақтандыруға көңіл бөлуі өтінеді.

«ПАРАСАТ» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

» Кеше қалалық әкімдікте медицина қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар тапсыру рәсімі өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен қызметін мүлтіксіз орындағаны және азаматтардың денсаулығын қорғаудағы ерекше еңбегі үшін елорданың көпсалалы медициналық орталығы хирургия бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған, коро-

навирус пандемиясы кезінде алғы шепте болып, осы індеттен қайтыс болған Олжабай Қожағалиев «Парасат» орденімен марапатталды.

Марапатты дәрігердің ұлы Арман Қожағалиевке қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкен табыс етті.



**COVID-19
ҚАЗАҚСТАНДА**
АУРУ ЖҰҚ-
ТЫРҒАНДАР: **63514**

ЖАЗЫЛЫП ШЫҚҚАНДАР:
38008
ҚАЙТЫС
БОЛҒАНДАР: **375**

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 468.66 \$ USD/KZT 412.55 ₸ RUB/KZT 5.79 ¥ CNY/KZT 58.8

www.astana-akshamy.kz



@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТАР САЛЫНАДЫ



Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы Ахметжан Есімовті қабылдады. Кездесу барысында Елбасы қазіргі экономикалық дағдарыс қордың барлық компанияларына әсер еткенін атап өтті.

А.Есімовтің мәліметі бойынша қордың компаниялар тобы қызметкерлердің қысқаруына жол берген жоқ, барлық кәсіпорын жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар, ол отандық денсаулық сақтау жүйесін қолдау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады.

Тұңғыш Президент «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамының індетке қарсы күреске барынша атсалысу қажеттігін атап өтті. «Қорды басқару жөніндегі кеңестің төрағасы ретінде «Самұрық-Қазына» ішкі резервтерінен ірі мегаполистерде – Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында екі медициналық орталықтың құрылысына қаражат бөлуді тапсырамын. Медициналық орталықтардың жұмысы ғылыми-зерттеушілік әлеуетті жұмылдыруға бағытталады. Бұл қадам келер ұрпақты ықтимал қатерлерден сақтап қалуға мүмкіндік береді. Үкімет пен әкімдер бұл бастаманы қолдайды деген сенімдемін» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Кездесу соңында Елбасы COVID-19 індетінен қайтыс болғандардың отбасыларына тағы да көңіл айтып, қазақстандықтарды барлық қажетті қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауға шақырды.



КАРАНТИН 2 ТАМЫЗҒА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 10 шілдеде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмаларын орындау бойынша шаралар қаралды.

Қатаң карантиндік шектеу шараларының екінші аптасы өтіп жатыр. Аурудың таралу қарқыны тұрақталуда. Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша эпидемиологиялық ахуалды одан әрі тұрақтандыру үшін елде шектеу шараларын тағы 2 аптаға, 20 шілдеден бастап 2 тамызға дейін ұзарту туралы шешім қабылдадық, – деп Үкімет басшысы карантиндік талаптарды қатаң сақтауға шақырды. А.Мамин дәрі-дәрмектің қажетті қоры бар екенін әрі үнемі толықтырылып отыратынын атап айтты. Бұл ретте оларды дәрiхана желiлерi мен стационарларға нақты бөлу бойынша барлық шараларды қамтамасыз ету қажет.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша шектеу шаралары кезеңінде табысынан айырылған азаматтарға әлеуметтік жәрдемақы – ең төменгі жалақы мөлшеріндегі 42500 теңгені бір айға төлеу туралы шешім қабылдадық. Төлем карантин шараларының күшейтілуіне байланысты жұмысы шектелген жұмыс берушілердің, жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өтінімі негізінде жүргізіледі, – деді Премьер-министр.

Үкімет басшысы төтенше жағдай кезіндегідей, азаматтардың жекелеген санаттарына (бұл – 1 миллионнан астам адам) азық-түлік өнімдерін алуға ақшалай көмек беруді жалғастыруды, биыл үшінші тоқсанға атаулы әлеуметтік көмекті

тағайындауды қолда бар деректер негізінде (128 мыңға жуық отбасы) алдын ала жүргізуді, сондай-ақ мүгедектігін қайта куәландыру мерзімі карантин кезеңіне тап келген адамдардың (шамамен 30 мың адам) мүгедектігін үш айға автоматты түрде ұзартуды тапсырды.

Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша Білім және ғылым, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктеріне және әкімдіктерге 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жаңа оқу жылының бірінші тоқсанында орта білім беру ұйымдарының қашықтан оқытуға дайындығын қамтамасыз ету тапсырылды. Сондай-ақ қажет болған жағдайда және бастауыш сынып оқушыларының ата-аналарының жазбаша өтініші бойынша, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтай отырып, «кезекші» сыныптардың жұмысы қамтамасыз етілетін болады.

Әкімдіктерге Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын тиімді іске асыруды қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орындарын құру санын ұлғайту жүктелді. Премьер-министр Мемлекет басшысы қойған міндеттердің барлығы нақты орындалуы тиіс екенін атап айтты. «Әрбір басшы олардың іске асырылуына жеке жауапты болады» деді А.Мамин.

ӘРБІР НАУҚАС БАҚЫЛАУДА БОЛАДЫ

Қала әкімі Алтай Көлгінов емханалар мен ауруханалардың бас дәрігерлерімен, қаланың санитарлық дәрігерімен онлайн-кеңес өткізді. Әкім емханаларда амбулаториялық емдеуді күшейтуді, науқастарды бақылау барысында телемедицина құралдарын пайдалануды және тиісті деңгейде жедел көмек көрсетуді тапсырды. Сондай-ақ амбулаториялық емдеуді күшейту қажеттігін де атап өтті.

Науқастардың 60 пайыздан астамы емханаларға жүгінеді. Мұнда амбулаториялық емдеуді күшейту өте маңызды. Аурудың алғашқы кезеңінде тұрғындарға барлық қажетті медициналық көмек көрсетілуі керек. Жұқпалы аурулар стационары дәрігерлері COVID-19-бен күресуде айтарлықтай тәжірибе жинады. Олар телемедици-

наны пайдалана отырып, кеңес беріп, емханалардың медициналық қызметкерлерімен тәжірибе алмасатын болады. Екінші мәселе, карантин кезінде жоспарлы емдеуге жатқызу уақытша тоқтатылды, мұнда науқастармен кері байланысты күшейту керек. Қажет болған жағдайда емдеуге жатқызылған жөн. Шұғыл ауруханаға жатқызыла-

тын жағдайды әрбір дәрігер бақылауда ұстауы тиіс. Үшіншіден, Денсаулық сақтау министрлігі мен «СҚ-Фармация» бірлесіп, ауруханалар мен емханаларды қажетті медициналық жабдықтармен толықтыру бойынша жұмыстар жүргіземіз. Қамтамасыз ету мәселесі бақылауда болады, – деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

42500 ТЕҢГЕ КІМДЕРГЕ, ҚАЛАЙ БЕРІЛЕДІ?

42500 теңгені кімдер алады, қалай беріледі, қашан төленеді деген мәселе бүгінгі таңда қоғамдық талқының басты тақырыбына айналды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аталған қаржыны алуға карантин кезінде жұмыссыз қалғандар, жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтушылар өтініш бере алады. Төлемді алу үшін 17 шілдеден бастап өтініш беруге болады. Оны алу үшін бірыңғай жиынтық төлем төлеу қажет емес. Бұл туралы онлайн брифингте Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов мәлімдеді. «Өткен жолғы 42500 теңгенің тәжірибесін ескеріп, жалдамалы жұмысшылар үшін осы жолы өтінішті тек жұмыс берушілер ғана береді деп ұйғардық. Бұл жолғы төлем тек 1 айға төленеді. Қаржы міндетті әлеуметтік сақтандыру қорынан төленеді. Ал біз жұма күні өтініш беретін порталдарды ашып, алдағы дүйсенбіден, яғни 20 шілдеден бастап төлем тағайындауды бастаймыз» деді Біржан Нұрымбетов. Сонымен қатар жәрдемақыны кімдердің алатынына тоқталған министр төлем қамтымы-

на нақты кімдер енетінін де айтып берді.

- Жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор);
 - Орта, шағын және микробизнес субъектілерінің қызметкерлері;
 - Жеке кәсіпкерлер;
 - Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер;
 - Карантин енгізілген елді мекендердегі ірі бизнес субъектілерінің қызметкерлері;
 - Азаматтық-құқықтық келісім-шарт бойынша кіріс алатын адамдар.
- Кімдер өтініш бере алады?**
- жалдамалы жұмысшыларын ақысыз еңбек демалысына жіберген жұмыс берушілер;
 - карантин кезінде жұмысы тоқтаған жеке кәсіпкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтар.

42500.enbek.kz порталы қайта жұмысын бастайды. Бұл туралы да

түсініктеме берген министр порталдың жұма күннен бастап іске қосылатынын жеткізді. «Өткендегідей 42500.enbek.kz порталы, электронды үкімет порталы жұмыс істейді. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жеке тұлғаларға телеграм-боттар да қызмет көрсетеді. Бұлардың барлығы жұма күннен бастап іске қосылады» деді Біржан Нұрымбетов.

Қазақстан азаматтығын алмаған, алайда оралман мәртебесі бар қандастарға 42500 теңге беріледі. «Тұрақты тіркеуде тұрып оралман мәртебесі бар қазақтар құқықтары жағынан тұрғылықты азаматтармен тең. Оларға ешқандай кедергі жоқ және Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей көмек көрсетіледі. Егер жұмыс істеп жүріп, табысынан шектеулер салдырып айырылған болса, ол 42500 теңге алады» деп жазды Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының баспасөз хатшысы Сырымбек Төлеуұлы.

АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

■ АЛМАТЫ

Алматыда фармацевтикалық өндіріс пен жеке қорғаныс құралдары өндірісі бойынша 4 жоба қарастырылып жатыр. Екі жоба басталғалы түр. Осы жобалар толығымен жүзеге асырылғанда, еліміздің медициналық қорғаныс бұйымдарын импорттау көрсеткіші айтарлықтай төмендейді деп күтілуде.

■ ШЫМКЕНТ

Қаладағы төрт аурухананың базасында оттегі стансасы орнатылатын болды. Аталған стансалар қалалық перзентхана мен жұқпалы ауруханада, №1 қалалық және №2 көпсалалы ауруханада орнатылмақ. Аталған әр медициналық мекемеде кислородтық 50 төсек-орын ашылады.

■ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

Облыстық клиникалық аурухана базасында 350 орындық пульмопривизорлық госпиталь ашылды. Ол негізінен аса ауыр науқастарға арналған. Госпитальда 100 орын жұқпалы, 250 орын пульмопривизорлы болады. Мекеме өкпені жасанды желдету аппараттарымен, пациент мониторларымен және перфузорлармен жабдықталған.

■ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Семей тұрғындары ауруханаларда тапшы медициналық құрал-жабдықтарды алуға 27 миллионнан аса ақша жинады. Ерікті топ мүшелері бүгінде 20 аппаратты жұқпалы аурулар ауруханасы, перзентхана мен туберкулезге қарсы диспансерге жеткізіп те беріпті.

■ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Ақтау қаласында жазасын өтеушілер 40 мың дана вирустан қорғайтын костюм тіккен. Қолдан пішілген костюмдердің сапасы санитарлық талаптарға сәйкес. Бұл киімдер бірінші кезекте жергілікті денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкерлері үшін жеке қорғаныш құралы есебінде сатып алынууда.

АНАСЫ ДА, БАЛАСЫ ДА АМАН!

» Нұр-Сұлтан қаласындағы №1 көпсалалы аурухананың дәрігерлері ауыр халдегі ана мен оның жаңа туған сәбиінің өмірін сақтап қалды.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Аурухананың акушерлік бөлімшесіне тыныс жетіспеушілігімен ауыр халдегі 39 жасар жүкті әйел 24 маусымда келіп түскен еді. Қабылдау кезіндегі әйелдің жүктілік мерзімі 34 апта 6 күн болған. Оған COVID-19-дың ауыр түрі, екі жақты полецегменттік пневмония, сондай-ақ қалыпты преэклампсия диагнозы қойылған болатын. Осындай жағдайда салқынқандылық танытқан дәрігерлер бірден-бір дұрыс шешім қабылдап, кесарево тілігін жасады. Салмағы 2,3 келі болатын шала туған қыз бала дүниеге келді. Нәресте дереу реанимация бөліміне ауыстырылып,



оған интенсивті бақылау мен емдеу жүргізілді. Сонымен бірге дәрігерлер ана өмірі үшін күресті. Операциядан кейін ол реанимация және интенсивті терапия бөліміне орналастырылып, онда 12 күн жатты. Жеті күн бойы ол өкпені жасанды желдету аппаратымен тыныс алды. Жағдайы тұрақтандырылғаннан кейін емдеу шаралары қарқынды бақылау палатасында жалғастырылды.

Дәрігерлердің біліктілігі мен күш-жігерінің арқасында жасалған емнен кейін ана мен бала қанағаттанарлық жағдайда үйлеріне шығарылды. Ал біз қиын жағдайдан дұрыс жол тапқан дәрігерлер қауымының қажырлы еңбегіне тағы бір рет көз жеткіздік.

ДӘРІ-ДӘРМЕКТІҢ 400 ТҮРІ ТАРАТЫЛДЫ

» Нұр-Сұлтан қаласының дәріханаларына вирусқа қарсы дәрі-дәрмектер таратылып жатыр.

Дистрибьюторлар екі күн ішінде қалаға COVID-19, пневмония және басқа да ауруларды емдеуге арналған 1 млн 200 мыңнан аса дәрі-дәрмек қаптамасын жеткізді. Қазіргі уақытта дәрі-дәрмектер «Феникс», «Гиппократ», «Цветная», «Максима Фарм», «Частная», «Медилаб», «Салауат», «А-Фарма» және басқа да ірі дәріхана желілеріне бөлінуде. «Қазіргі уақытта клиенттерге дәрі-дәрмектер жөнелтіліп жатыр, кеше түні бойы дайындалдық. Таңнан бері 5 газель машинасын жібердік, тағы екі көлікке дәрі-дәрмек тиеліп жатыр» дейді «Inkar» ЖШС директоры Ақмарал Манауова.

Бұған дейін хабарлағандай, қалаға келген тауарлардың тізімінде шамамен 400 дәрі-дәрмек түрі бар, атап айтқанда, ксарелто, цефтриаксон, клексан,



азитромицин, дексаметазон, метилпреднизолон, ибупрофен, нимесулид, кардиомагнил, левофлоксацин, метро-

нидазол, гепарин, нимесулид, ибупрофен, парацетамол, офлоксацин және басқалары бар.

ЕСІЛДЕ 20 АУЛА АБАТТАНАДЫ

» Елорданың Есіл ауданында биыл 20 аула абаттандырылады. Қазір «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында ауданда 5 қоғамдық кеңістікті көркейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Осы уақытқа дейін елорданың орталық саябағында ұзындығы 3,5 шақырымды құрайтын жүгіру жолының резеңке жабыны ауыстырылып, йога мен жекпе-жек өнеріне арналған алаң жабдықталды. Мұнда тренажерлер саны көбейтіліп, workout кешені мен стритбол алаңы салынды.

Аудан тұрғындарының өтінішімен Есіл өзені жағалауындағы 12 шақырым аумақта брусчатканы ауыстыру бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Қазір осы өзен бойындағы аудандағы ең үлкен саябақтардың бірінде қайта құру жұмыстары жүріп жатыр. Осы жерде де брусчатка ауыстырылып, жақында жаңа субұрқақ кешендері ашылады.

Есіл ауданы аумағындағы «Үркер», «Заречный», «Пригородный» және «Тельман» тұрғын алаптарында жиыны 32 көппәтерлі және 5066 жеке үйде

40 мыңға жуық адам тұрады. Жақында аудан әкімі Берік Жәкенов қалалық мәслихат депутаттарына шеткі аймақтар мәселесі қалай шешіліп жатқанын баяндады.

Соның ішінде үлкені – «Үркер» тұрғын алабы. Онда 25 мың адам тұрып жатыр. Осы елді мекенде біраз шаруа атқарылды. Алайда шешімін күтіп отырған мәселелер әлі де шаш етектен. Сол себептен тұрғын алап проблемаларын шешу бойынша жұмыс тобы құрылды. Оған қалалық Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының мамандары, тиісті коммуналдық қызметтердің өкілдері тартылды. Аудан әкімі осы апта басынан №69 мектеп-гимназияда сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін тұрғындарды қабылдап, мәселелерін тындап жатыр. Оған әлеуметтік желілер арқылы да осы тұрғын алап халқынан көптеген сұрақтар түсіп жатыр. Үркерліктер биыл біраз мәселе шешілетініне үмітті.

Сондай-ақ «Пригородный» тұрғын алабында 15 мың адам тұрады. Өткен жылы елді мекенде заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайдалануға берілді. Оған апаратын жолға асфальт төселді. Нысанда ардагерлерге арналған шағын орталық ашылды. Бұған қоса, полиция пунктіне, «Қазпоштаға», аула клубына бөлмелер бөлінді. Карантин аяқталған соң аталған қызмет көрсету орындары жұмысын бастайды. Қазір тұрғын алапта 100 орындық жатақхананың құрылысы жалғасып жатыр. Оны осы жылдың 1 қазанына дейін пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Биыл «Заречный» тұрғын алабында Ұшқыштар көшесінде жол жөнделмек. «Тельман» кентіндегі Мұғалжар көшесінде аялдама павильоны орнатылды. Алдағы тамыз айында кентте нөсер кәрізі жүйесі тапсырылады. Осы елді мекенде осы жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-тың көмегімен спорт алаңын орнату да жоспарланып отыр.



«ЖАС ОТАН» БЕЛСЕНДІЛЕРІ «АЛҒЫС ПАКЕТТЕРІН» ТАПСЫРДЫ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында «жасотандықтар» коронавирусқа қарсы күресте күндіз-түні еңбек етіп жүрген отандық дәрігерлерді қолдау аясында «Алғыс пакеттерін» тарату шарасын бастады. Әрбір пакетке дәрігерлерге арналған витаминдер мен пайдалы өнімдердің оннан аса түрі салынған. Айта кетерлігі, пакеттегі өнімдер дәрігерлердің ұсынысы бойынша жасалған. Акция еліміздің барлық өңірлерінде жалғасын табуда. «Бүгін біз, жасотандықтар, біздің ержүрек дәрігерлеріміз үшін акция ұйымдастырдық. Өйткені олар бүкіл қоғамды әбігерге салған коронавирус

пандемиясымен күнделікті күресуде. Біз бұл індетті бірлесіп жеңеміз деп сенеміз» дейді ерікті Айдарбек Бақдәулет.

Шара барысында қалалық фтизиопульмонология орталығының, №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасының және «Рамада Плаза»-да орналасқан емдеу орталығының дәрігерлеріне алғыс пакеттері табысталды. Жалпы, «Жас Отан» жастар қанатының 100-ден аса еріктісі бірнеше апта бойы өз отбасыларынан оқшаулануға мәжбүр болған орта буын медицина қызметкерлері үшін «Алғыс пакеттерін» таратуды ұйымдастыруды жоспарлап отыр.



ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕКKE МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ

Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің бастамасымен елордаға келген тегін гуманитарлық көмекті таратуға мониторинг жүргізілуде.

Елордаға Ресейден гуманитарлық көмек бөлінген: 2 790 дана қорғаныс киімдер, 21850 дана көлемінде үш қабатты маскалар, 236 «коронавир» таблеткалары.

Қытай Халық Республикасынан 450 дана медициналық қорғаныс киімдері, 3000 дана хирургиялық қолғаптар, 15 дана инфрақызыл термометрлер, 2200 дана

медициналық маска, 3040 дана хирургиялық маскалар бөлінген.

«Астана – адалдық алаңы» жобасының жетекшісі, қалалық мәслихат депутаты Мирас Шекенов бүгін Нұр-Сұлтан қаласы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшылығы, «Астана – адалдық алаңы» жоба менеджерлері және арнайы мониторинг тобының мүшелерінен құралған жұмыс тобы «СҚ-Фармация» қоймасынан медициналық ұйымдарға жетуіне мониторинг жүргізіліп жатқанын атап өтті.

■ ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

Мойылды санаторийінде ұйымдастырылған провизорлық госпитальдің дәрігерлеріне облыстық Мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы қымыз ұсынды. 2 шілдеде ашылған провизорлық орталықта 25 дәрігер, 47 медбике, 50 санитар жұмыс істейді.

■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Биыл облыста жергілікті жолдардың шамамен 320 шақырымы жаңартылатын болады. Мұнда автомобиль жолдары саласында 20 жоба жүзеге асырылуда. Осы ретте өңірде 18 шақырым жаңа жол салынса, облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың 6,1 шақырымы қайта жаңарту және 295,77 шақырымы орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

■ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

Өңірде «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасын іске асыру аясында құрылыс саласында 5,1 млрд теңгеге 14 инфрақұрылымдық жоба іске асырылады. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Берік Таңжарықовтың айтуынша, биыл өңірде тұрғын үй саласы бойынша 7 ауқымды жоба іске асырылады.

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

Райхан
РАХМЕТОВА

Ал жедел жәрдем қызметіне тәулігіне келіп түсетін шақыртулар 2800-ден 1600-ге төмендеген. Бұрын төсек-орын қажеттілігі 99 пайызды құраса, қазір карантиндік шаралар мен амбулаторлық емдеу нәтижесінде ол 73 пайызға кеміпті. Пандемия басталғанда қалада 3 стационар жұмыс істесе, қазір оның саны 14-ке жеткізілген. Бүгінге дейін 6899 елордалық дертті жұқтырып, соның ішінде 4321 науқас аурдан айыққан.

Алайда көрсеткіштің жақсара бастауы босаңсуға себеп емес. Өйткені жалпы эпидемиологиялық ахуал әлі сол қалпы. Вирус инфекциясын толықтай жеңіп, аластап тастағанша санитарлық нормаларды қатаң сақтауға міндеттіміз. Оның үстіне еліміздегі медицина ғалымдары елдің 90 пайызы осы дертпен ауырып болмайынша, коронавирус пандемиясы жалғаса беретінін мәлімдеді. Яғни халықтың ауруға қарсы жаппай иммунитеті қалыптасуы керек. Сонда Қазақстандағы 19 миллион адамның ағзасында ауруға қарсы тұрарлық күш пайда болуы үшін осы жылды пандемиямен аяқтап, тіпті келесі жылды сонымен қарсы алуымыз мүмкін. М.Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы халықаралық тренинг орталығының бас ғылыми қызметкері Андрей Дмитриевский өз сөзінде ауруға қарсы вакцина әлемде осы жылдың соңында шығып қалуы мүмкін екенін айтты.

– Халықаралық бекітілген критерийлерге сәйкес жасалатын бұл вакцинаға қаншалықты тез қол жеткізсек, соншалықты пандемияның да көпке созылуына жол берілмейді. Алдымен бұл вакцина жануарларға егіліп, сынақтан өткізіледі. Оның уыттылығы мен зияндылығы қандай деңгейде екені анықталуы керек. Сосын жануарларға қорғаныштық әсер үшін салынады. Артынан өз еркімен келіскендердің бірінші тобына егіледі. Содан соң барып вакцинациялау ауқымы кеңейтіледі. Мұндай сынақтар орташа есеппен бір жыл уақыт алады. Ресей мен Қытай батыл шешім қабылдап, осы вакцинаны сынақтан өткізудің бірнеше кезеңін аттап өтті, сөйтіп оны бірден еріктілер тобына салудан бастап кетті. Яғни олар осылайша пандемияның созылу уақытын қысқартқысы келеді. Бұл вакцинаны салмайынша, жердегі барлық халық вирусты жұқтыра береді. Бірақ екпе салғаннан кейін де вирус мүлде жоқ болып кететіндігіне кепілдік жоқ, – дейді Андрей Дмитриевский.

Алайда халықтың әуелден вакцинаға қатысты пікірі екіұдай. Пандемия жаңа басталып, вакцинациялау мәселесі көтерілгенде де дүрлігі болған. Орталық қызметкері айтқандай, дерттің бетін қайтарудың жолы тек осы болғаны ма? Оған ертең халық дайын бола



МЕДИЦИНАЛЫҚ МАСКА – БАСТЫ ҚҰРАЛ

» Екінші карантиннің екінші аптасы жағымды жаңалықпен басталды. Елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлағандай, 5 шілдеде карантин енгізілгені Нұр-Сұлтан қаласында медицина мекемелеріне түсетін салмақ біршама азайған. Карантин қайта енгізілгенге дейін күніне 500-ге жуық науқас келіп түссе, қазір ол біршама кеміген. Сонымен қатар пневмониясы бар науқастар да 14 пайызға азайыпты. Есесіне дерттен жазылып жатқандар саны да екі есе өсіп, күніне 400-дей адам емделіп шығуда.

ма? Бұл туралы мемлекетте, министрлік те елдің алдына шығып әзірге жария еткен жоқ.

Бүгінгі таңда медициналық маска ең басты құрал болып тұр. Өткен аптада әлем мамандары вирустың ауа арқылы аэрозольді түрде тарайтынын дәлелдеді. Сондықтан коронавирустан қорғанудың екі тәсілінің бірі оқшаулану болса, екіншісі – бетпердені үнемі және дұрыс тағу. Себебі жұқтырушы да, сау адам да бетпердемен жүрсе, жұқтыру ықтималдылығы 100-ден 1 пайызға дейін түсетінін дәрігерлер әр сәт сайын еске салып отыр. Сонымен қатар соңғы деректерде мамандар бетперденің кез келген түрін алмай, медициналық стандарт түрін қолданған жөн екенін арнайылап ескеруде. Себебі олар халықаралық стандарттарға сай құрамы мен матаның кеуектілігі бойынша нақты бір критерийлерге сәйкес жасалады. Ал көп рет пайдалану үшін матадан тігілген медициналық емес бетпердені қалай қолданған жөн? Дәрігерлер Telegram желісінде жариялаған кеңестерінде оларды қауіпсіз пайдаланудың жолдарын көрсеткен. Ондай бетпердені пайдаланбас бұрын қолды дұрыстап жуып, оның адам бетін жырмайтындығын, кір еместігін тексеріп алу керек. Сосын оны беттің тиісті бөліктерін, яғни ауыз, мұрын, иек жабылатындай тағу қажет. Бетпердені қолмен ұстамай, шешер кезде де қолды жуып алған жөн.

Кііп-шешкенде өзін емес, жібінен ұстап шешкен абзал. Егер ол таза әрі құрғақ болса және тағы да пайдаланатын ойыңыз болса, оны пластик пакетте сақтаған дұрыс. Бетпердені кір сабынмен немесе арнайы жуу құралдарымен күніне бір рет жуып тұру керек. Оны мұрынның астына түсіріп тағуға болмайды. Жыртылып, тесіліп тұрса пайдаланбаңыз. Қасыңызда 1 метр қашықтықта адамдар тұрса, бетпердені шешпеңіз. Дем алу қиын бетпердені қолданбаңыз. Ылғал және кір бетперде пайдаланбаған жөн және өзіңіз таққан бетпердені басқа адамға тағуға бермеңіз.

ЕҢБЕК ЖОЛЫН ЕРІКТІ БОЛЫП БАСТАДЫ

Індет елге тараған сәттен бастап қоғамның басқа салаларымен қатар, ауруханаларда да вируспен күреске еріктілер жұмылдырыла бастады. Олардың ішінде медицина саласында оқып жатқан студенттер де, басқа жастар да болды. Оңтүстік Қазақстаннан елордаға келіп, бала арманына қол жеткізу үшін Астана медициналық университетіне оқуға түскен Нуриддин Розматов – сондай еріктілердің бірі. Оқу орны қабырғасында арнайы ашылған еріктілер тобына өз қалауымен қосылған ол 22 наурыздан бері көпбейінді инфекциялық ауруханада дәрігерлерге көмектесіп келеді. Биыл педиатр мамандығы бойынша 7-курсын тәмамдаған ол осы ауруханаға ерікті болып келіп, енді жас

дәрігер ретінде тұрақты қызметке қабылдануда.

– Университетте бізге жұмыс барысы толық түсіндірілді. Вирус жұқтырғандар және олармен байланыста болғандармен жұмыс істейсіндер деді. Мен сияқты еріктілер өте көп болды. Еріктілер ішінде біздің оқу орнынан 50 шақты студент болса, қалған 20 шақты ерікті басқа сала-

ның мамандары еді. Біз дәрігер-интерн ретінде негізінен шетелден ұшып келген азаматтарды қабылдадық. Көбі – Дубай, Таиланд, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Еуропа елдерінен келгендер. Оларды тіркеу, Ramada Plaza Astana қонақүйінде төсек-орындарға жайғастыру, талдау сынақтарына жинау, қашан, қайдан ұшып



келгені туралы деректерін жазып алу, пациенттердің ауру бойынша құжаттарын толтыру, науқастарды қадағалау сияқты жұмыстарды атқарып, дәрігерлерге көмектестік. Аталған қонақүйде 8-қабатқа дейін негізінен медицина қызметкерлері мен еріктілер демалатын орындар болса, содан жоғары қабаттардан науқастарға арналған төсек-орындар бөлінді. Бастапқыда, әрине, оңай болған жоқ. Күндіз-түні ұйықтамай, бірнеше тәулік бойы жұмыс істедік. Дәрігерлердің жетпегендігі қиындық келтірді. Басында кейбірі жұмысқа келуге қорықты. Дәрігерлерге жүктеме өте көп, себебі пациенттер күнде түседі, күн сайын науқастарды аралап қарап шығады. Науқастардың да ішінде қашып кеткендер кездесті. Қазір ондайлар жоқ. Себебі қазір бәрі қорқады, өздері үшін емделіп шығуға тырысады, – дейді ол.

Жас маман жақында сертификатын алып, осы жерде дәрігер болып жұмыс істеуге дайындалып жүр. Осы үш айдың ішінде олар вируспен күресте көп нәрсенің мән-жайын түсініп қалды. Ерікті боп кіргеннен кейін бір аптадан соң оларға да КВИ жұғып, ауруханада және үй карантинінде жатып емделіп шығыпты. Нуриддиннің алдағы мақсаты – жаһандық дертті ауыздықтаудағы жанкешті еңбегін жалғастырып, одан әрі балалар инфекциялисті болу үшін резидентураға оқуға түсу.

ЖҰҚТЫРМАУДЫҢ 7 АМАЛЫ



Даладан келе сала және бөгде адамдармен сөйлесіп келгеннен кейін қолыңызды сабынмен мұқият жуыңыз.



Гаджет, кеңсе техникасы және адам денесі жанасатын беткі қабаттарды зарарсыздандырыңыз.



Амандасқанда құшақтап, қол алысуды шектеңіз.



Қоғамдық орындарда бір рет пайдаланатын бетперде тағып, оны әрбір екі сағат сайын ауыстырып отырыңыз.



Қоғамдық орындарда бір рет пайдаланатын бетперде тағып, оны әрбір екі сағат сайын ауыстырып отырыңыз.



Қоғамдық орындарға, ойын-сауық және спорттық шараларға барудан бас тартыңыз.



Жеке гигиеналық құралдар мен ыдыстарды қолданыңыз.

Коронавирус жұқпасы болуы мүмкін адамдармен жақын байланыспай, ондай үйден аулақ жүріңіз.

ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ФОРМАТЫНДА ЖАЛҒАСАДЫ

» Бірінші тоқсан еліміздің барлық мектептерінде 1-11-сыныптарды қашықтан оқыту форматында басталады. Тек шалғайда орналасқан шағын жинақты ауылды мектептерде жағдайға қарай мектепке қатынап оқитын болады. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн брифингте Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлім етті.

Білім министрінің айтуынша, бастауыш сынып оқушылары ата-аналарының өтініші бойынша, ахуал жақсарған жағдайда, қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беріледі. Өйткені биыл елімізде мыңдаған бала мектеп табалдырығын бірінші рет аттағалы отыр. Ал елордада биыл оқу жылында 1-сыныпқа 27 мың

балалар оқулықпен түгел қамтылатынын айтты. «Біз оқулық жеткізу және басып шығару бойынша жұмыстар жүргіздік. Қашықтан оқу форматына қарамастан, оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етеміз. Бұл өте маңызды. Қашықтан оқитынына қарамастан, әр оқушының қағаз түріндегі оқулығы болуы керек» дейді Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов. Министрдің айтуынша, бұ-



атқарылады. Қажет жерде мұғалімдер өздері және еріктілер де көмектесетін болады.

МЕКТЕП ФОРМАСЫ МІНДЕТТЕЛМЕЙДІ

Оқу жылының басын қашықтан оқу жүйесімен бастағанмен, эпидемиологиялық жағдай тұрақталғанда, оқушылардың мектепке баратыны анық. Сондықтан жыл ортасында ата-аналар сабылып киім іздемеу үшін алдағы оқу жылында мектеп формасын киюді уақытша міндеттемейтін болды. Бұл туралы да Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов мәлімдеді.

«Мектеп формасы» ұғымы мен оның қағидаты және оған қойылатын талаптар мүлдем жойылмайды. Тек біз жаңа бұйрыққа төтенше жағдай мен карантин немесе шектеу шараларына қатысты арнайы ескертулер енгіземіз. Яғни осындай кездерде балалар мектепке ұқыпты классикалық киіммен келуіне мүмкіндік беруіміз керек, – деді министр.

Сондай-ақ ол егер қазіргі кезде ата-ананың мектеп

Гүлжанат АСАНОВА, Нұр-Сұлтан қаласы №67 мектеп-гимназиясының директоры:

– ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 2020–2021 жаңа оқу жылының басталуы туралы нақты шешімді жариялады. Биылғы жаңа оқу жылын қыркүйек айында қашықтан оқу үрдісінде бастайтын болдық. Бұл – оқушылардың қауіпсіздігі, денсаулығы үшін маңызды шешім. Еліміздегі пандемияның әлі басылмауы мектеп оқушыларының дәстүрлі үрдісте оқуына аса қауіпті екенін ата-аналарымыз да жақсы түсінеді. Төртінші тоқсанда жедел қашықтан оқу форматында оқығанда бірқатар қиындықтар болған еді, бірақ мектеп сол кездескен кедергілерді бірлесіп оңтайлы шешімін тауып, дер уақытында түзетулер жасап, жақсы аяқтап шыққан едік. Министр мектептердегі барлық жағдаяттарға жан-жақты талдау жасап, жаңа оқу жылына қашықтан оқу форматын тиімді ұйымдастырудың жоспарлы іске асатынын, нақты қадамдарын айтып өтті. 20 шілдеден бастап қашықтан оқудың әдістемесін үйрену үшін тағы да мұғалімдерді даярлау курстары басталады. Бұл – мектеп мұғалімдері үшін үлкен әдістемелік әрі акт құзыреттілік деңгейін жетілдіруге мол мүмкіндік. Қазіргі қашықтан оқу үдерісін тиімді бастау үшін мұғалім мен оқушыларымызда қажетті компьютер, ноутбукпен қамтамасыз етілуі де маңызды сұрақ болып отыр. Дегенмен былтырғы тәжірибемізге қарағанда, қашықтан оқытуда біршама жақсы іс-әрекеттер ұйымдастыруға, бірлесіп жасауға болатынына көз жеткіздік. Сондықтан қашықтан оқуға жан-жақты даярлануда ата-аналарымызбен кеңесіп отырмыз. Қазір ата-аналарымызға мектеп формасына да қатты алаңдамауына болады. Қашықтан оқу үрдісіне көшсек те, басты міндетіміз – сапалы білім беру, сондықтан мектеп мұғалімдері қашықтан оқытуды жетілдіру үшін білім беру платформаларында еркін жұмыс жасау мақсатында арнайы курстар жоспарлап отырмыз.

формасын алуға мүмкіндігі болмаса, балалар классикалық үлгідегі қарапайым киіммен қамтамасыз етілуі керек. Бұл шешім қазіргі жағдайда өте маңызды екенін де атап өтті.

ҚҰЖАТ ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ ҰЗАРТЫЛДЫ

Жоғары оқу орындары мен колледждерде оқыту қашықтан оқыту режимінде ұйымдастырылатын болады. Дәстүрлі формат тек жеке кесте бойынша зертханалық жұмыстар, өндірістік оқыту және кәсіби практика үшін болады. Ал шалғайда орналасқан колледждерде оқушылардың аз болуына байланысты санитарлық режимді нығайта отырып өткізіледі. Айта кетейік, карантин режимі жағдайында талапкерлерге ыңғайлы болуы үшін БҒМ білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініштерді қабылдау мерзімін ұзартты. Құжаттар 20 шілдеге дейін емес, 25 шілдеге дейін қабылданады. Мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін талапкер egov.kz «электронды үкімет» порталы арқылы үш-ақ құжаттарды тапсыру қажет. Олар: өтініш, білімі туралы құжат, жеке куәлік көшірмесі. Ал елдегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты медициналық анықтамалар уақытша талап етілмейді. Ұлттық бірыңғай тестілеу сертификаты электронды форматта берілетін болды. Өйткені сертификат жүйеде автоматты түрде пайда болады, сондықтан оны egov.kz-ке жүктеудің қажеті жоқ. Конкурс нәтижесі бойынша мемлекеттік гранттың берілгені туралы электронды сертификат ұсынылады. Талапкерлерге қағаз сертификаттарды алу үшін ешқандай барудың қажеті жоқ. Гранттарды тағайындау форматы өзгерген жоқ, яғни маусым айында мектеп ҰБТ қорытындысы бойынша үміткерлер мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады. Осы жылы гранттар оқу тіліне байланысты болмайды. Жоғары оқу орындарына талапкерлерді тамыздың 10-25 аралығында оқуға қабылдайтын болады.

Бастауыш сынып оқушылары ата-аналарының өтініші бойынша, ахуал жақсарған жағдайда, қатаң санитарлық шараларды сақтай отырып, кезекші сыныптардың жұмыс істеуіне мүмкіндік беріледі

нан аса бала барады екен. Алдағы уақытта пандемияның төмендеуіне және халықтың денсаулық деңгейі тұрақталуымен байланысты, мектептерді ақырындап аралас оқыту және штаттық форматта оқытуға көшіру жүргізілетін болады.

Ведомство басшысы өз сөзінде қашықтан оқыса да,

гінде жаңа оқулықтарды аймақтарға жөнелту жұмыстары басталды. «Былыр жыл соңында шығарылған оқулықтарды да тамыз айынан бастап өңірлерге жібереміз. Адамдар көп жиналып қалмайтындай етіп ұйымдастырамыз». Бұл жұмыстар арнайы кесте жасалып, сол бойынша

Жеңісгүл НҮСІПЖАН, Нұр-Сұлтан қаласы №74 мектеп-гимназиясының директоры:

– Тікелей эфирде өткен брифингті тыңдадым. Тыңдармандар нақты және қажетті сұрақтарға жауап ала алды. Білім саласы бойынша, оның ішінде орта білім туралы да толық ақпарат берілді. Қазіргі таңда жаңа оқу жылына мектебімізде үлкен дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Егер бастауыш сынып ата-аналары өздерінің жеке өтініштері бойынша мектепке балаларын оқытқысы келсе, біз барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып, берілген нұсқаулықтар бойынша оқытамыз. Сондықтан мектепке тазарту құралдарын (арнайы градулик, антисептик, кілемше, перчатка, маска) толық қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілуде.

Әрине, сонымен қатар қазіргі таңда қашықтан оқыту кезінде барлық оқушыларды техникалық жабдықтармен (роутер, компьютер) қамтамасыз ету мақсатында да жұмыстарды бастап кеттік. Кемінде әрбір екінші баланы компьютермен қамтамасыз етуді қарастырып жатырмыз. Бұл сұрақ осы айда шешімін тауып, толық аяқтау басты жоспарда тұр. Мұғалімдеріміз алдыңғы оқу жылында бірнеше платформа бойынша жақсы жұмыс атқарып шықты, осы орайда мұғалімдерімізді қосымша онлайн негізде бірнеше курстардан да оқытып алдық.

Өткен оқу жылында кеткен кемшіліктеріміз бойынша көпте-

ген жұмыс түрлерін қарастырып отырмыз. Мұғалімдер мен оқушылар арасында байланыс әртүрлі жолдармен жүзеге асырылды. Оқушыларымызда компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі, АКТ-ны толық меңгермей, бастапқыда қиыншылықтар болғанын жасырмаймыз. Мұғалімдеріміздің қажырлы еңбегінің арқасында оқушыларымыз да, ата-аналарымыз да қашықтан оқыту кезінде мобильді болуды үйренді. Дер кезінде ата-аналарымызға, оқушыларымызға онлайн курс жүргізудің арқасында бұл кемшілікті шештік.

Қашықтан білім алушы оқушыларымыз кейбір оқу материалдарын дербес оқиды. Бұл ерік-жігер, жауапкершілік пен ұстамдылықты

талап етеді. Сыртқы бақылаусыз оқудың қарқыны төмендейді. Осы мақсатта да мектеп психологтары әр сынып оқушыларымен байланыста болып, қажетті көмек көрсете білді. Алдағы уақытта да барлық оқушылармен жеке жұмыс жүргізуді жоспарлап отырмыз.

Қашықтан оқытудағы кемшіліктердің бірі практикалық білімнің жетіспеушілігі болды. Практикаға көбірек бағытталған пәндерді қашықтан оқыту қиына соқты. Осы оқу жылында бұл кемшілікті болдырмау үшін мектептегі білікті ұстаздарымыз арнайы жоспар жасап, әдістемелік жағын қарастырып, арнайы материалдар дайындап жатыр.

Оқушылардың мектеп форма-

сын қазіргі уақытта алудың қажетсіз екенін, II тоқсанда мектепке келген күннің өзінде бар формасымен келуіне рұқсат берілетіні және бастауыш сыныптардағы ата-ана өтініші негізінде кезекші сыныптардың қатаң талаптарды сақтай отырып жұмыс істейтіні туралы, мұғалімдердің біліктілік тесттері туралы өте дұрыс та нақты жауаптардың берілуі алдағы оқу жылы дұрыс шешім негізінде бастайтынымызға деген сенімділік ұялатты.

Қазіргі уақытта барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, тиісті деңгейде балаларға білім береміз – ең негізгі мақсаттың бірі. Ең бастысы, аман болайық!



БІЗ БАРЛЫҒЫН БАУЫР САНАУЫМЫЗ КЕРЕК

» Биыл Абай атамның туғанына 175 жыл толып отыр. Бірақ тұғырлы тұлғаны әлі де толық танып болдық деп айта алмаймыз. Абай түбі шексіз, алып мұхит секілді. Осы орайда көрнекті ғалым Жабайхан ӘБДІЛДИНМЕН ақынның болмысы мен мазмұнды, терең ойларына тағы бір бойлап көрдік.

– Жабайхан Мүбәрәкұлы, өткен жолғы әлемнің «екінші ұстазы» атанған әл-Фараби бабамыз туралы сұхбатымызда сіз ғалымның елді білімге, ғылымға шақырған идеясын Абай атамның одан әрі жалғамыз деп едіңіз. Енді әңгімеміздің әлқиссасын содан өрбітсек...

– Жер беті жаралғаннан бері адамзатты «нағыз адам мен бақыт» туралы ойлар үнемі мазалап келеді. Бұл мәні зор мәселеге ақылы ерен, ойы терең ғұламалар да толғанған. Соның ішінде ұлы философ деп арада тұтатын Сократ пен Платон да бар. Олардың ойынша, нағыз адам мен шынайы мемлекет болу үшін олар өздерінің идеясы мен ұғымына сай болу керек. Ең биік деңгейдегі идея – бақыт. Ондай мемлекетті ғұлама философтар басқару керек дейді. Сократ пен Платонның идеясын одан әрі әл-Фараби бабамыз ұштап, жан-жақты дамытты. Ұлы ғалымның ойынша, адам бақытты болу үшін ізгіліктің мейірімі тұнған қайырымды елде өмір сүру қажет. Ол кісі де мемлекетті философтар басқарған дұрыс деген идеяны қолдайды. Осы түйіні шиеленіп қалған мазмұнды мәселеге Абай да өрнекті ойын қосып, оны ілгері көтеріп әкетті. Ақынның ойынша, әсіресе, жеке адам бақытты болу үшін өмірден өз орнын табуы керек. Ақынның «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін осыдан келіп шығады. Шын мәнінде, тіршілікте өз орнында табу оңай емес. Өмір бір қалыпта тұрмайды, ағын судай өзгеріп отырады. Бұл жайында хакім: «Дүние – үлкен көл, Замана – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, Артқы толқын – інілер, Кезекпенен өлінер, Баяғыдай көрінер» деп философиялық ой түйіндейді. Сонымен, диірменнің тасындай дөңгелеген дүниеден өз орнында қалай табасың? Абай оған қалай жетуге болады деген жолды да нұсқайды. Ақын-

ның пікірінше, өмірден өз орнында табын десең, алдыға ұмтылып, талаптан. Егер сен талапты, жігерлі болмасаң, өмірден өз орнында ешқашан таба алмайсың.

– Ол үшін не істеуге болады?

– Кеменге бұған сан қырынан, жан-жақты үңіледі. Ақын «Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық» немесе «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді. Данышпанның ойынша, біреуге көзінді сату, тіленші болу – қорлық. Абай қанағат пен рақым туралы да келелі ой қозғайды. Бірде ол «Адамның өмірде өз орны болу үшін оның басқаға деген рақымы болуы қажет» дейді. Ертеде бір ғұламаның «Кедей – кедей емес, жетпеген адам кедей» деп айтқаны бар екен. Мәселен, дәулетіңіз асып-төгілген, шылқыған бай болып, қанағатыңыз болмаса, оның бәрі аз көрінеді. Бұл бүгінгі де өзекті проблемасына айналды. Біреу миллион долларым, екі миллион долларым болса деп армандайды. Оған қолы жеткеннен кейін одан да көбірек болса дейді. Мұны бұрынғы аталарымыз «Кедей бай болсам дейді, бай Құдай болсам дейді» деп бір ауыз сөзбен түйіндеген. Қазір нарықтық экономикада өмір сүріп отырмыз. Мұндағы басты мақсат – баю. Өйткені бәсекелестік күшті. Адам солай алға ұмтылады. Асқан білімді, технологияны байлыққа жұмсап, пайда көргені осыдан келіп шығады. Пайданың түбі жоқ, ол – шексіз.

– Тағы қандай кемшілікті айтасыз?

– Абай адамның өмірден өз орнын таба алмауына «Өтірік, өсек, бос мақтан» секілді жағымсыз мінездердің кері әсері бар екендігін айтады. Ақын жиырма бірінші қара сөзінде: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуінің мақтаншақтық дей-

мін» деп ой қорытады. Сондықтан пенденің бір нәрсеге қолы жетпей жатып, «мен жеттім» деп айтудың өзі өсуге, өнуге, дамуға кесірін тигізеді. Сонымен бірге данышпан кейбір жандардың «бекер мал шашпақ» қасиетін сынайды. Бұрынғылардан «Біреуден байлығыммен, киіміммен озам демей, ақылыммен озып, қарапайым болу керек» деген тәмсіл қалыпты. Бүгінгі заманның өткен дәуірден айырмасы жер мен көктей. Бұрынғы байлар алтыннан алқа тағып, күмістен сақина киіп, зәулім сарай салып, сонда тұрып өмір сүрсе, қазіргі қалталылар қарапайым киініп, байлығын босқа шашпай, артық ақшасы болса өндіріске салып, оны ұлғайтып, адамдарды жұмыспен қамтып, бәсекелестікке лайық болуға талпынады. Осыған қарап басқа мәселелердің туындағанын байқайсыз. Мысалы, ертедегі адамдар онша әдемі киінбеген. Ұлы философ Сократ жалаң аяқ жүрсе, Диоген бөшкеде өмір сүріпті. Олар кейінгілерге «қарапайым киініп, біреуден артық болма» деп тағылым қалдырған. Бірақ қазіргі дамыған өндіріс сұранысты да арттырды.

– Сіз ғылыми еңбектеріңізде ардақты ақынның «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген ұстанымын біраз зерттепсіз. Осыған тоқталасыз ба?

– Абай осы ойы арқылы сонау Сократ, Платондардан жалғасқан қағиданы одан әрі дамытады. Негізінен, адам баласының түрі бір. Мәселен, бір түрге жататын жан-жануарларды білеміз. Ертеде гректер: «Гректі құл қылуға болмайды, ал көрші халықтарды жаулап, құл етуге болады» деп ойлаған. Осы идеяны кешегі фашистер де ұстанды. Олар адамды биологиялық негізбен «өмірге лайығы бар, лайық емесі бар» деп бөлген. Осы залым пиғыл жер бетінен жойылып кеткен жоқ. Бүгінге дейін жалғасып ке-



Ақын жиырма бірінші қара сөзінде: «Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қиын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуінің мақтаншақтық деймін» деп ой қорытады. Сондықтан пенденің бір нәрсеге қолы жетпей жатып, «мен жеттім» деп айтудың өзі өсуге, өнуге, дамуға кесірін тигізеді

леді. Ұлы ақын осыны терең ұғып: «Атаңның баласы болма, Адамның баласы бол!» дейді. Бұл салмақты сөзді көпшілік әлі жете түсінген жоқ. Кейбіреулер «адамзаттың баласы бол» деп жүр. Анығында, данышпан бұл арада сен әкеңнің ғана баласы емессің, адамның баласысың дегенді айтып отыр. Біз қай ұлтқа, ұлысқа жатсақ та, адамбыз. Абай өз өлеңінде: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті. Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті» деп айтқаны бар. Ақынның ойынша, барлығымыз бір-бірімізді бауыр санауымыз керек. Бұл жағынан ақынның ойы, қазіргі тілмен айтқанда, адам құқығымен ұштасып жатыр. Оның ойынша, жер

де адамға ортақ. Ол қайда өмір сүрем, қайда тұрам десе де өз құқығы бар. Өйткені осы дүниедегінің бәрі – адамзаттың мұрасы. Сондықтан жерді сақтап, кейінгі ұрпаққа қалдыру – әр адамның борышы. Мәселен, кеңес заманында Арал теңізі жер бетінен жойылуға тақау қалды. Оның зардабы елге, адамға көп тиді. Бірақ осы экологиялық апат Қазақстанға немесе теңіздің жиегінде отырған көрші елге ғана емес, адамзаттың қайғы-қасіреті болды. Өз заманында бұл мәселені Марк Аврелий, Сенека сияқты ойшылдар да көтерді. Бір сөзбен айтқанда, ұлы тұлға жұртқа барлығымыздың адамның баласы екенімізді түсіндіруге тырысқан.

– Ақылы дария атамның дін туралы айтқандары да біраз ойды қозғап өтеді. Сіз бұл жайында не айтасыз?

– Ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дейді. Абай – Аллаға шынайы сенген адам. Ол дін жолына жай адамдардай емес, терең түсіністікпен келген. Хакім бір қара сөзінде: «Жұрт айтады: қит етсе осының бәрі Құдайдың өмірі дейді. Егер мен ауыратын болсам, ол Құдайдан, жаманшылық жасасам, ол Құдайдан, мен кедей болсам, ол Құдайдан» деп өз ойын өрнектейді. Атақты Біржан салдың өзі бір өлеңінде «Бай қылмақ, кедей қылмақ – Құдайдан» деп айтқаны бар. Ақынның ойынша, жақсылық пен жамандықты, әділдік пен қиянатты, ізгілік пен арамдықты, байлық пен кедейлікті жаратқан Құдай. Бірақ сені қиянатшыл еткен, кедей, еріншек, жалқау, ұрлықшы еткен Құдай емес. Оған айыпты өзің. Сонымен бірге оның өмір мен өлім туралы айтқандары да философиялық ойларға жетелейді. Әрине, өмір мен өлім – мәңгіліктің сұрағы. Ақынның «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген өлеңіндегі: «Мені» мен «менікінің» айырмалығын, «өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес» дегенді жұртшылық оның

деңгейінде түсінген жоқ. Абай – үлкен философия мен ынта-білімді, мазмұны терең мәдениетті бойына сіңірген кеменге. Данышпанның сөзінше, жеке адам өледі, о дүниеге кетеді. Ал бірақ жарық дүниеде не өлмейді? Абайдың ойынша, жұмыр басты пенде екі нәрседен тұрады: біріншісі – табиғаты, екіншісі – істеген ісі. Сондықтан да өмірден өткен адамның артында істеген ісі, қалдырған ізі болса, ол өлмейді. Айталық, Платон қай заманда өлді, бірақ ол қазір де тірі секілді көрінеді. Оның еңбектерін әлі күнге қайта-қайта оқимыз. Әл-Фараби бабамыз қай дәуірде өмірден өтті, бірақ біз ол жайында ғылыми диссертация қорғап, кітап жазамыз. Гомер қай заманда қайтыс болды... Міне, ұлылардың мәңгілік екендігі осыдан. Абай да осы биіктегі мәңгілік тұлға.

– Кез келген шынайы өнер адамының болмысынан жалғыздық сарыны байқалып тұрады. Данышпанның жалғыздығынан не ой түйесіз?

– Ақын шығармаларында жалғыздық туралы көп ой айтылады. «Сегіз аяқ» деген өлеңінде «...Атадан алтау, Анадан төртеу, Жалғыздық көрер жайым жоқ. Ағайын бек көп, Айтамын ептеп, Сөзімді ұғар елім жоқ. Моласындай бақсының, Жалғыз қалдым – тап шыным!» дейді. Оның ойынша, жалғыздық психологиялық мәселе емес, ол адам мен адамның қатынасынан өмірдің мәні көрінетіндігін меңзейді. Егер сіздің айтқаныңызды, ойыңызды ешкім түсінбесе, оған көңіл бөлмесе – шын жалғыздық сол. Экзюпери: «Ең үлкен байлық – адамдық қарым-қатынас» депті. Сондықтан адам мен адам араласып, бір-бірімен түсінісіп, сұхбаттаса білуі қажет. Содан барлық жақсылық өрбиді. Жалғыздық мәселесі қазіргі жаһандану ғасырында көкейтесті мәселеге айналып отыр. Былай қарағанда, жер бетіндегі барлық ел бір-бірімен аралас-құралас жатқан секілді. Бірақ соның өзінде жалғыздықтан жапа шегетін адамдар бар. Мұны біз психологиялық жағдай деп топшылаймыз.

Кеменгердің ойынша, бұл – психологиялық емес, қоғамдық мәселе. Адамдар арасындағы диалог жоқ жерде бір-бірімен ой, сөз араластыратын уақыт болмағанда, адамның бақыты кем түседі. Сонымен бірге Абайдың билік, махаббат, әйел туралы сөздері де үлкен философиялық еңбекке жүк.

Қорыта келгенде, Абайдың терең мағыналы ойлары халықты толғаңдырып жүрген бүгінгі күннің мәселесімен өзектес, ұштасып жатыр. Біз ұлы тұлғаны қаншалықты түсіне білсек, соншалықты өмірге сай боламыз.

Сұхбаттасқан
Азамат ЕСЕНЖОЛ

ОЙШЫЛДЫҢ ОТАНЫНДАҒЫ РУХАНИ ОРДА

» Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей пәрменімен «Мәдениетті қолдау жылы-2000», т. б. тарихи-мәдени іс-шаралардың аясында 2004 жылы «Мәдени мұра», 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары қабылданды. Кейін «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» деп аталатын бағдарламалық мақалалар халыққа жолданды. Бұл бағдарламалар жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарттарын айқындаған тарихи-танымдық, ғылыми еңбек болды. Осы бағдарламалар аясында тәуелсіздік жылдары Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандар жаңғыртылды, археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді, ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы тұжырымдама жасалынды, жаһандық тарихтағы өз рөліміз айқындалды, Ұлы даланың ұлы тұлғалары дараланды.



Осындай мемлекеттік игі шаралардың нәтижесінде республикада алғаш рет әдебиетші, этнограф, өлкетанушы Абдулла Жұмашев негізін қалап, қалыптастырып, ұйымдастыруымен 2011 жылы Оңтүстік Қазақстан (қазіргі Түркістан) облысы әкімінің 3 наурыздағы 43-нөмірлі қаулысымен Әбу Насыр әл-Фарабидің музейі – «Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ашылды. Аталған ғылыми-мәдени мекеме әлемде теңдесі жоқ ғұлама энциклопедист-ғалымның туған жері Отырар ауданының орталығы Шәуілдір кентінде орналасқан.

Музейдің тарихы 1980 жылы Абдулла Жұмашевтің қоғамдық негізде әл-Фараби атындағы әдебиет және өнер – Отырар – Арыстан баб музей-кітапханасын ашудан басталады. Бұл туралы мерзімді баспасөзде алғаш толымды да талғамды пікір айтып, кеңестік қоғамда түрен салған журналист Еркін Қыдыр болатын. Ол екі тілде – қазақ, орыс тілінде шығатын республикалық «Арай» – «Заря» журналының 1988 жылғы 9 қыркүйектегі санында жарияланған «Ақындардан қалған із» – «Поэзией воздвигнут храм» деген танымдық мақаласында былай әңгіме қозғаған: «Жас өрендердің жыр сайысы өткен Қызылқұм ауданының орталығы Шәуілдірде таяу күндері ашылатын оңтүстік өңірі, Отырар-Қаратау атырабының ақындары мен өнер иелерінің, ғалымдардың музей-үйінде Майлықожа Сұлтанқожаұлының (1835-1898) мұраларына, ол пайдаланған мүліктерге үлкен орын берілген. ...Жиналған мол қазынаны бір жүйеге түсіріп, кейбірін қайта қалпына келтіріп, ғылыми түсініктемелерін жазып жүрген – Отырар музейі этнография бөлімінің меңгерушісі Абдулла Жұмашев. Жұмыстан бос уақытында ақысыз-пұлсыз еңбек етіп, үш-төрт жылдан бері осы әл-Фараби музейін ашуды өмірінің басты бір мақсатына айналдырған... Осы музейді жасауға Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, археолог Кемел Ақышев көп еңбек сіңірді. Музейге арнап үй бергізген де сол кісі. Оны жөндеп, жабдықтап, жаңғыртуға Отырар музей-қорығының директоры Әуелхан Есжановтың да үлкен көмегі тиді.

Сонымен, ақындар мен өнер иелері музей-үйі жақын күндерде есігін айқара ашпақ. Музей – ол өткенге құрмет, болашаққа бағдар. Ал оның нағыз толыққанды мәдениет ошағына айналуы үшін жергілікті партия, совет органдары, көпшілік қауым да белсене атсалысуы керек».

Міне, осы мақаладан кейін музей туралы тау суындай тасқынды қоғамдық пікір қалыптасып, музей жұмысына әр жылдары мемлекет, қоғам, ғылым, мәдениет қайраткерлері мен еңбек және соғыс ардагерлері көмек көрсетті.

Музейдің құрылуы мәдени мұрамызға, әлемде теңдесі жоқ ұлы ғұлама жерлесіміз Әбу Насыр әл-Фараби құндылықтарына деген құрмет болып табылады.

Музей экспозициялық тақырыптық-экспозициялық жоспар бойынша мына тақырыптарға құрылған: «Фараб-Отырар аймағы – Қазақстан аумағындағы мәдениет дамуының ең ежелгі ірі ошағы» (аймақтағы мәдениеттің ежелгі көшпелілер дәуіріндегі дамуы, арабтардың жаулап алу дәуіріндегі тарихы, араб мәдениеті мен исламның кеңінен таралуы, ислам дінінің Отырар жеріне таралу кезеңі).

«Ортағасырлық Фараб-Отырар –

Весидж (Уасидж) – Зернук (Зернук) – Оксус (Оқсыз) – Әбу Насыр әл-Фарабидің Отаны» (Ежелгі Отырар: Отырардың археологиялық зерттелу тарихы; Отырар алқабының мәдени мұрасы: археология, өнер, көркем қолөнер ескерткіштері (археологиялық дереккөздер).

«Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыстың ұлы философ, энциклопедист-ғалымы» (ұлы ойшылдың өмір белестері, ғылыми қызметі мен мұралары, мәдениет, музыка және мұсылмандық дін ілімі жайлы шығармашылық зерттеулері, ашқан ғылым жаңалықтарының Батыс Еуропа мен мұсылманды Шығыс елдеріндегі ғылыми ілімнің дамуына әсері, ізбасар шәкірттері, ғылыми мұраларының зерттелуі, дәстүрлі зерттеуді еуропалық ғалымдардың қалыптастыруы, жеке тұлғасы және еңбектерін отандық ғалымдардың зерттеуі, XIV-XVI ғасырлардағы Отырар және отырарлық ғалымдар).

«Моңғол жорығына дейінгі Отырар өлкесінің мәдениеті мен өнері» (жазба әдебиет ескерткіштер. Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, т. б. XI-XIII ғ. материалдық мәдениет пен өнер ескерткіштері).

Ислам және сопылық дүниетаным (сопылық поэзияның классигі Қожа Ахмет Ясауидің ілімі және Ясауийа тариқатының маңызы мен рөлі).

«Алтын Орда тұсындағы рухани мәдениет» (Дешті Қыпшақ жеріндегі сопылық ілімді таратушылар, Алтын Орда кезеңіндегі жазба әдебиеттің дамуы, материалдық мәдениет пен көркемөнер ескерткіштері).

Қазақ халқының ауыз әдебиеті (Оңтүстік Қазақстандағы әдеби ескерткіштер кешені).

«Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет пен өнер» (Қазақ хандығы және қазақ тарихшылары Қадырға-

ли Жалайыр мен Мұхаммед Хайдар Дулаттың еңбектері бойынша және жыраулар поэзиясы өкілдерінің (Сыпыра жырау, Асан қайғы (XV ғасыр), Қазтуған, Доспамбет жырау (XVI ғасыр), Шалкиіз, Жиамбет жырау (XVII ғасыр), Марғасқа жырау, Ақтамберді, Тәтіқара ақын, Үмбетей, Бұқар жыраулар, Көтеш ақын) материалдар кешені.

«Қаратау, Қазығұрт атырабы мен Сыр бойының XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезіндегі мәдениеті мен өнерінің дамуы» (ақындық-поэтикалық және әуездік (музыкалық), шығармашылық, материалдық мәдениет және халықтың сәндік қолданбалы өнері, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптары, наным-сенімі, діни ұғымы, халықтық білім және медицина, білім беру ісі, Алаш қозғалысы ағартушылық қызметінің өлкедегі рухани мәдениетке әсері).

«Оңтүстік өңірдің кеңестік кезеңдегі мәдениеті, өнері мен әдебиеті» (дәстүрлі халық шығармашылығының қайнар бұлағы).

Оңтүстік өңірі әдебиеті мен өнерін зерттеушілер. «Тәуелсіздік кезеңдегі өңір мәдениетінің гүлденуі».

Тақырыптың экспозициялық шарты оның музейлік заттармен қамтамасыз етілуі десек, мұражай қорында тас дәуірінің тарихына қатысты Отырар шұратындағы Жаңашілік-1-3 тұрақтарынан табылған тастан жасалған құрал-саймандар, палеометалл, қола, ерте темір дәуірінің тарихына қатысты дәнүккіш, тас келсап, қыш тостаған, қыш саптыақтар, құмыра, таңбалы тас, балбал тас, Қорқыт



Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы» трактатының айқара беті. Мысырдың «Ніл» баспасы, 1907 жыл. Бұл трактатта «Әбу Насыр әл-Фараби Фарабта туған» деп қадап жазылған

далады (Абдулла Жұмашев. Алматы: «Арыс» баспасы, 2017 ж). Келесі 2018 жылы жарыққа шыққан кітап «Отырар жәдігерлері» деп аталады. Альбом-кітап – музей қорындағы құнды жәдігерлер, тарихи фотосуреттер, Отырар өңірінің тарихи тұлғалары жайлы ежелгі дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтыған үлкен еңбек (Қ.Айтханов, А.Жұмашев. «Шың» баспаханасы. 2018 ж.). Соңғы жарыққа шыққан кітап 2019 жылы «Шың» баспаханасынан шыққан «Отырар алқабының ақындары (әл-Фарабиден Әселханға дейін)» деп аталады. Бұл кітапта музей қорында жинақталған жазба деректер бойынша IX-XV ғасырлардағы қазақ даласының ғұлама ғалым ақындары, сондай-ақ XIX ғасыр мен ХХІ ғасырдың басындағы Отырар алқабы ақындарының шығармашылық өмірі сөз етіледі (А.Жұмашев. «Шың» баспаханасы. 2019 ж.).

Сондай-ақ жоғарыда аталған Арыстан баб кесене-мешітінде сақталып бізге жеткен шағын мұсылман кітапханасының қорындағы кітаптардың елуінің каталогі З.Жандарбек пен Р.Мұзаффаровтың, А.Жұмашовтың құрастырып дайындауымен «Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейінің қорындағы сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар каталогі» (2013 ж.) деген атпен түзілді. Бұл каталогқа енгізілген қолжазбалар мен тасбаспа кітаптар өздерінің мазмұны жағынан исламдық ғылымдардың бар саласына қатысты шығармалар деп айтуымызға болады. Олардың арасында Құран Кәрімнің көптеген нұсқалары мен тәпсірлері, хадис пен хадистану ғылымымен байланысты шығармалар, фикх – ислам құқығы мен ислам теологиясы (ақид), ислам тарихы мен философиясы, логика, тіл ғылымының түрлі салаларына арналған шығармалар, қиссалар, хикметтер, тағы басқа ғылым салаларына қатысты шығармаларды көруге болады.

«Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейінің негізгі міндеті мен мақсаты – ҚР саяси тарихы мен рухани және заттық мәдениетіне қатысты (Әбу Насыр әл-Фараби және оның ізбасарларының) дүние жүзіндегі барлық көне қолжазбалар мен қолжазба кітаптарды, сирек кітаптар мен басылымдарды, заттай жәдігерлерді жинастырып зерделеп, Еуразия кеңістігіндегі өркениеттің өткені мен бүгінгі келешекке жалғастыратын білім мен мәдениет ордасы – «Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби мұражайы» МКҚК-ға шоғырландырып, оның дербес ғылыми ұйымдастыру, ғылыми-зерттеу, ғылыми білім беру, ғылыми-мәдени ағарту жұмыстарын кешенді түрде жүзеге асыру арқылы адамдардың тарихи жады мен дәстүрін сақтауға ұмтылған терең сезімін ояту.

«Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейі» – музейлік мәні зор артефактілерді (тарихи және мәдени ескерткіштерді) жинау, есепке алу, сақтау, қалпына келтіру, ғылыми зерделеуді жүзеге асыру, насихаттау жұмыстарын жүргізетін республикадағы бірден-бір ғылыми-зерттеу және мәдени таным мекемесі.

Алмас ЖҰМАШЕВ,
«Руханият – Әбу Насыр әл-Фараби музейі» МКҚК директоры, тарихшы



АҚШ ПЕН ҚЫТАЙ АРАЗДЫҒЫ СОҒЫСҚА ҰЛАСА МА?

«Біреу тойға айналғанда, біреу қойға айналады» дегендей, әлем елдері коронавируспен алысып жатқанда, АҚШ пен Қытайдың арасы шиеленісіп барады. Ресми мәлімет бойынша АҚШ-та 3 миллион 400 мыңға жуық адам індет жұқтырып, 140 мыңға жуық адам қайтыс болды. АҚШ билігі індеттің Құрама Штаттар көлемінде бұлайша ауа жайылуын Қытайдың коронавирус жайлы шын сырды жасырып, нақты жағдайды дер кезінде мәлімдегендігінің кесірі деп санайды. Сонымен қатар Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қытайға бүйрегі бұрылып, әлем елдерін дер кезінде сақтыққа шақырмауы да індеттің ырық бермей кетуіне себеп болды деп қараған АҚШ «Қытайдың итаршы ұйымына айналған» ДДҰ-дан шығатынын да ресми түрде мәлімдеп үлгерді.

Әрине, «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» дегендей, соңғы жылдары әлемдік көшбасшылыққа таласқан АҚШ пен Қытай арасында COVID кеселінен басқа да келіспеушіліктер көп. Мұның ең басты себебі Қытайдың жыл сайын күшейіп, әлемдік аренадағы ықпалының артуы болса, енді бір жағынан Бейжіңнің АҚШ-тың жауларымен ауыз жаласып, олардың қолтығына су бүркіп отыруы да Ақ үйдің шамына тиді. Оның үстіне, Бейжіңнің қаржы салу, қарыз беру жолымен әлемнің түкпір-түкпіріндегі елдерді өз ықпалына енгізуі де АҚШ-қа жақпай қалғаны анық. Міне, осындай жағдайда «Құлақтың қасуына масаның басуы» тура келгендей, Қытайдан тараған індеттің бүкіл әлемге ауа жайлауы, одан АҚШ азаматтарының үлкен зардап шегуі шыққалы тұрған көзді түргіп алғанмен бірдей болды.

АҚШ президенті Дональд Трамптың COVID-19 індетін «Қытай вирусы» деп атап, найза ұшын тіке Қытайға қаратуы, сондай-ақ АҚШ-тың адамдық құқық, Гонконг, Шыңжаң, Тибет халқының қазіргі жағдайы жөніндегі мәселелерді желеу етіп «Гонконг автономия заңын», «Тайвань туралы заң жобасын», «Ұйғырларға қатысты адамдық құқық саласындағы саясат туралы заңын» мақұлдауы және Тайваньға бірнеше дүркін қару-жарақ сатып беруі, Шыңжаңдағы адам құқығын аяқасты еткен шенеуніктерге санкция салуы

да Қытайдың қитығына тиді. Қытай-Үндістан арасындағы шекара дауы мәселесінде АҚШ-тың Үндістанға қолдау көрсетуі әрі Үндістанмен бірлесіп Қытайға қарсы тұру жобасын жасағаны да АҚШ-тың Қытайға ашық қарсы тұра бастағанын аңғартты. Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиялық жобасы мен телебайланыс саласындағы ең ірі компания – HUAWEI-дің 5G технологиясын әлемге жалпыластыру мақсатына АҚШ-тың кесе-көлденең болуы да жаһандық экономиканың жан тамыры мен әлемдік информацияны асша алақанында, жұмса жұдырығында ұстауға тырысқан Бейжіңнің кегін қозғады.

3 шілдеден бастап Қытай Оңтүстік Қытай теңізі аймағындағы даулы аралда ірі көлемді оқу-жаттығуын бастады. Бұған Вьетнам мен Филиппин қатаң наразылық танытса, АҚШ Оңтүстік теңіз аймағының территориялық мәртебесіне қатысты дау күшейген тұста Қытайдың әскери жаттығу өткізуі өңірлік қауіпсіздікке үлкен нұқсан жеткізеді деп мәлімдеме жасады. Сондай-ақ Бейжің әскери күштерінің даулы аймақта жаттығу өткізуіне жауап ретінде соғыс ұшақтарын тасымалдайтын ірі кемелерін, ядролық бомбалаушы ұшақтарын Оңтүстік Қытай теңізіне жіберді. Бұл – АҚШ әскери-теңіз күштерінің 2014 жылдан бері тұңғыш рет Оңтүстік Қытай теңізіне соғыс ұшақтарын тасымалдауы

ушы кемелерін жіберуі. Бұл жөнінде АҚШ теңіз күштері «Еркін және ашық Үнді-Тынық мұхиты аймағын қолдау үшін «USS Nimitz» және «USS Ronald Reagan» соғыс ұшақтарын таситын әскери кемелер Оңтүстік Қытай теңізіне Жапониямен бірлесіп қосарлы тасымалдаушы операциялар мен жаттығулар өткізеді» деп мәлімдеме жасады. Осылайша екі державаның бір өңірде бір уақытта әскери жаттығу өткізуі Оңтүстік теңізде соғыс болу қатерін күшейтті. Өйткені бұл оқиға, түптеп келгенде, екі державаның Азия-Тынық мұхитына үстемдік жасау үшін күрес екені бесенеден белгілі.

Оңтүстік теңіздің территориялық иелік құқығы мәселесі – Қытай, Вьетнам, Филиппин елдері арасында ұзақ уақыттан бері шешілмей келе жатқан даулы тақырып. Осыдан бірнеше жыл бұрын Гаагадағы халықаралық сот Қытай Оңтүстік Қытай теңізіндегі өзіне тиесілі деп санайтын даулы аралдарға ие болуға тарихи құқығы жоқ деген шешім шығарған. Бірақ Бейжің Гаага сотының бұл шешімін мойындамаған. Бұған АҚШ бастаған Батыс елдері қатаң наразылық танытса, ал Ресей Бейжіңнің бұл мәселеге қатысты Филиппинмен және басқа да көршілес елдермен болған дауында Қытайды қолдап шыққан. Осыдан кейін АҚШ мемлекеттік департаменті Қытай мен Ресейді халықаралық заңмен санасуға шақырды. Алайда Қытай мұны құлағына қыстырған жоқ.


Вашингтон дүйсенбі күні (13 шілде) Бейжіңнің Оңтүстік Қытай теңізінің көп бөлігін қамтитын теңіз ресурстарына болған иелігін «Мүлдем заңсыз» деп мәлімдеді. АҚШ-тың бұл мәлімдемесі Қытай мен АҚШ қатынасының тұйыққа тірелгенін аңғартып қана қалмай, екі елдің Азия-Тынық мұхит аймағындағы қақтығысып қалу қаупін арттырады. АҚШ-тың Азия-Тынық мұхиты аймағы істері жөніндегі кеңесшісі Дэвид Стилвелл де сейсенбі күні АҚШ-тың ендігері Оңтүстік Қытай теңізде бейтараптықты сақтап тұра алмайтынын ашық айтты. Демек, АҚШ-тың Оңтүстік Қытай теңіз аймағына соғыс кемелерін жіберіп, оқу-жаттығу өткізуі, оған Ұлыбританияның да қолдау көрсетуі есте тегін емес.

Ұлыбритания демекші, 13 шілде күні Ұлыбритания Қытаймен болған шиеленістің күшеюіне байланысты Оңтүстік Теңізде өтіп жатқан АҚШ-Жапония бірлескен әскери жаттығуларын қолдау үшін соғыс кемелерін жіберетінін мәлімдеді. The Times басылымының хабарлауынша, Ұлыбритания билігі құны 3 миллиард фунт стерлинг тұратын жаңа соғыс кемесін және жойғыш ұшақтарын Оңтүстік Қытай теңізіне жіберу жөнінде шешім қабылдаған. Халықаралық сарапшылар Ұлыбританияның «Ұлттық қауіпсіздік үшін қытайлық компания HUAWEI-дің 5G технологиясын пайдаланбау жөнінде батыл шешім жасап», АҚШ-пен тізе қоса Қытайға қарсы тұру бекіміне келуіне Гонконг жағдайы мұрындық болды деп отыр. Себебі 30 маусым күні Қытайдың жоғарғы заң шығару органы бірауыздан Гонконгтегі ұлттық қауіпсіздік заңын қабылдады. Ұлыбритания бұл заңның қабылдануы Қытай мен Ұлыбританияның 1997 жылғы келісіміне бүкілдей қайшы деп санайды.

Оңтүстік теңіздегі жағдайдың шиеленісуіне байланысты әскери сарапшылар АҚШ пен Қытай үшін ең қауіпті сәт келді деп мәлімдеді. Daily Express газетінің жазуынша, Оңтүстік Қытай теңізінде Бейжің мен Вашингтон әскери жаттығуларды бір уақытта өткізуі аймақтағы қақтығыс қатерін арттырған. Екі жақтың да соғыс кемелері бір-біріне жақындап, қақтығыс болу мүмкіндігі күшейген.



ЖАҒАН ЖАҒАЛЫҚТАРЫ



АДАМЗАТ АЗАЯ МА?

Зерттеушілер 2100 жылға қарай планета-мызда қанша адам өмір сүретінін болжады. Ғалымдардың пікірінше, 2064 жылы әлем халқының саны айтарлықтай көбейіп, 9,7 млрд адамға жетуі мүмкін.

Алайда 2100 жылға қарай Жер тұрғындарының саны 8,8 миллиардқа дейін азаяды. Бұл көрсеткіш БҰҰ сарапшылары болжамынан екі миллиардқа аз болып отыр. Мамандардың пікірінше, аталған уақытқа дейін бала туу коэффициенті төмендейді, ол әйелдердің білім деңгейінің жоғарылауына да байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар ғалымдар 2100 жылға қарай 20-дан астам елдің халық саны жартысынан көп азаяды деп отыр.



ҚАЛЫПТЫ ӨМІРІМІЗГЕ ҚАШАН ҚАЙТАМЫЗ?

Жуық арада қалыпты өмірге оралмаймыз. Коронавирусқа қатысты ең қарапайым және ең негізгі деген ережелер сақталмаса, әлемдегі ахуал бұдан да бетер өрши түспек. Жақында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының басшысы әлем халқына осылай деп ескерту жасады.

Қазірдің өзінде әлемде індет жұқтыру саны 13 миллионнан асып, одан көз жұмғандар саны 580 мыңға жуықтады. Осы ретте түрлі елдер қайтадан карантин енгізіп, шектеу шараларын күшейтуде. Елімізде де қатаң карантин енгізіліп, 2 тамызға дейін ұзартылды. Қазірге дейін Қазақстанда 63514 адам індет жұқтырып, 38000 адам сауықты. 375 адам опат болды. Пневмониямен ауырған және қайтыс болғандар мұның сыртында.



ЕУРООДАҚ ҚАРЖЫНЫҢ ҚЫСПАҒЫНДА ҚАЛДЫ

Еуроодақта әлемді шарпыған коронавирус індеті қаржы дағдарысына әкеп соқты. Аймақта мұндай жағдай Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін алғаш рет болып отыр.

Еуростаттың мәліметіне сүйенсек, осы жылдың алғашқы 3 айында одақ экономикасы 3,6 пайызға құлдырады. Жыл соңына дейін бұл сан 13 пайызға дейін баруы мүмкін деген болжам бар. Індетпен күресу әрі шығынның орнын толтыру үшін шамамен 2 триллион еуро қажет.



Бетті дайындаған
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

САНТЕХНИК БОЛҒАН ДҰРЫС ПА?

НЕМЕСЕ ЖҰМЫС ТАППАЙ САНДАЛЫП ЖҮРГЕН ЖАҚСЫ МА?

» Осы күні атын айтуға тілің келмей жататын небір жаңа мамандық атауы шықты, бірақ қарапайым кір машинасы сынып қалса соны оңдайтын кәсіби шеберді табу қиын. Жақсы сантехникті көршілердің чатына салып не туыстарыңнан сұрап әрең табасың және ол сантехник не кір машинасын жөндейтін адам басқа ұлттан болып шығады. Өзіміз де соған үйреніп қалғанбыз, анда-санда қазақ жігіттері келіп тұрса оның қолынан құбыр жалғау келетініне біртүрлі сеніңкіремейтініміз бар. Сантехник болса міндетті түрде орыс болу керек сияқты.

Жадыра ШАМУРАТОВА

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУҒА БАС ҚАТЫРМАЙМЫЗ

Байқасаң, қазіргі қазақ жастарының көбі әнші, шоумен, бастық болғысы келеді, бірақ слесарь, сантехник, токарь болғысы келмейді. Олардың ойынша бұл «модный» емес. Бұл – мамандыққа қатысты ақпарат-насихаттың жеткіліксіздігінен. Өйткені арнайы мәліметтерге сүйенсек, техникалық мамандықтарға (инженер-механик, инженер-электрик, инженер-жобалаушылар) сұраныс жоғары. Жақсы сантехник, жиһаз жасаушы, электрик барлық кезде керек, әрі олар топ-тәуір ақша табады. Біздің қазақ болса баласына тек прокурорлықты, соттың, бастықтың орнын ғана лайық көреді, «қызмет қылсын, шен алсын» деген түсініктен арыла алмай келеді, бұдан арылу үшін техникалық мамандықтар насихатталып, баласы сантехник болса туыстары мен көршілерінен өлердей ұялатын ата-аналардың насанын өзгерту керек.

ҰБТ тапсыратын сәт те аяқталды, ертең талабы таудай түлектер де, елден қалмайын дегендер де ЖОО-ларға ағылады. Басқа ұлт үшін баласы оқуға түспесе трагедия емес, ал қазақ үшін баласы түспей қалса... бәрібір қайтпайды, тірсегі-тірсегіне соғылып жүріп несие төлеп қарызданып оқытады, ал

күндізгі бөлімдегі оқу ақысы – жылына кем дегенде 600 мың теңге. Сөйтіп, әке-шешесі арқа еті арша болып, банкке кіріптар болып жүріп диплом әпергенде ол бала мамандығы бойынша жұмысқа орналасып кетсе жақсы ғой, бірақ көріп жүрміз, көпшілігі дипломын шаң басып, басқа жұмыс істеп жүр. Жұмыс жоқ деп телефонын шұқылап диванда жатқандары да бар. Ресми деректер елімізде 15-28 жас аралығындағы 84,7 мың жастың жұмыссыз жүргенін келтіреді. Бір ғана заңгер мамандығы бойынша 3077 адам жұмыс іздеп жүргені туралы мәлімет бар. Басты себеп – жастар да, олардың ата-аналары да жұмыссыздық туралы статистикаға мән бермейді, ЖОО дипломын алса болды. Бәрі бірдей қаржыгер, банкир, заңгер болғысы келеді. Ал бірақ қазір заңгер, адвокат, судьяларға сұраныс жоқтың қасы екен. Сарапшылар бұл мамандықтар еңбек нарығында тым көбейіп кеткен дейді.

ЖАҚСЫ САНТЕХНИК ЖЕРДЕ ЖАТҚАН ЖОҚ

Ежелгі шумерлердің бес мың жыл бұрын өз патшалықтары Пуаби үшін әжетхана орындығын ойып жасағанына қарағанда сантехник мамандығын ең ежелгі кәсіп деуге болатын шығар. Ерте қола дәуіріндегі Арқайым қазбалары кезінде жаңбыр суын ағызатын канализация да табылған. Де-

генмен кеңес адамдарының түсінігінде сантехник деген – онша еместеу мамандық. Сантехник десе кеңес фильміндегі сантехник Афоня (Леонид Куравлёв) еске түседі. Ақкөңілдеу болғанмен ішкіш, өз ісін қалай болса солай жасайтын және жұмысына пара алатын сүйкімсіздеу жігіт (бір кездерде ішпейтін сантехник болмаған деседі, олардың қызмет ақысы көбіне шөлмекпен төленетін болған). Қазір ондай Афонялар жоқ, сантехниктер ішпейді, арнайы киіммен, перчаткамен, арнайы антисептикалық заттарымен жүреді, олардың кәсіби нарықтағы бәсекелестіктері де жоғары. Егер сантехник өз ісінің білгірі болса, күніне кем дегенде үш шақыру алады екен. Оның үстіне бүгінгі сантехника ең жоғарғы технологияның жемісі болғандықтан, бекітілген есептеме-геннің өзінде бір клапанның өзі 20 элементтен тұрады, ал мұндай элиталық сантехниканы тек қана элиталық сантехниктер жасайды. Оның қызмет ақысы арзан емес. Мысалы, осы қала астана болғалы пәтерлерде жөндеу жұмысын жасап келе жатқан Асхат есімді сантехник өзінің жұмысын нағыз шығармашылық жұмыс деп есептейді. «Адамдар атыңды ұмытып қалуы мүмкін, бірақ жасаған жұмысыңды ұмытпайды, сондықтан бұл салада білім мен тәжірибеге жететін ештеңе жоқ» дейді ол.



ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

700deneg.ru порталының мәліметіне қарағанда, Американың сантехниктері жылына 39-45 мың доллар табады. Еуропада неміс сантехниктері (Installateur) еңбегі үшін 1,9-3,1 мың еуро алады. Біздің елде сантехниктің орташа ақысы – 120-200 мың аралығында. Әрине, көп емес, дегенмен қала қаншалықты үлкен болса, тиімді ұсыныстар да мол болмақ. «Технарьларға» сұраныс техникалық-коммуникациялық игіліктерге мүмкіндігі мол Алматы, Нұр-Сұлтанда жоғары, үшінші орында Қарағанды тұр.

iКОМЕК.kz тұрмыстық қызмет нарығының арнайы порталында тіркелген сантехниктерге сұраныс жоғары екен. Сантехниктің бір сағаттық жұмысы – 3-7 мың теңге шамасында. Әдетте баға маманның кәсібилігіне, олардың қызметін тұтынушылар тарапынан қандай баға берілгендігіне байланысты. Яғни сантехник көп жұмыс істеген сайын рейтингте жоғары көтеріліп, көбірек тапсырыс алады.

Әрине, техникалық мамандардың айлығын Үкімет төрағасы, топ-менеджермен салыстыруға болмайды, дегенмен жоғары білікті, тәжірибелі мамандар «кеңсе мамандарынан» жақсырақ табады, мысалы, офис-менеджер мен құрылыс алаңындағы техникалық бақылаушыны салыстырсақ, соңғысының айлығы жоғары болмақ. Бізде кейбір техникалық мамандық иелерін табу қиын болғандықтан Ресейден не басқа елден шақыртады. Тағы бір қызығы, гуманитарлық саладағылар өздерін көбірек жарнамаласа, технолог, жөндеуші, шахтер, электржабдықтары мамандары интернетке резюме бере бермейді екен. Қазақстандағы «Antal» рекрутинг компаниясы

директоры Анна Ковинская бүгінгі таңда агро саласы, ауыл шаруашылығы, құрылысшы, күрделі техника операторлары үлкен өндіріс орындарына, ал сантехник пен электриктер қарапайым халыққа қажеттігін айтады. Әдетте мемлекеттік басқару саласындағыларды «ақ жағалылар» десе, қарапайым жұмысшыларды «көк жағалылар» дейтінін де осы жолы білдік. Hh.kz порталы PR және маркетинг бойынша директоры Динара Рахимжанова соңғы кездері «көк жағалылардың» қызметіне сұраныс өсіп келе жатқанын айтады. Әсіресе, құрылыс салу қарқын алған үлкен қалаларда өткен жылы түскен сұраныстардың 10,3 пайызы – электриктерге, 9,9 пайызы – монтаждаушыға, 9,4 пайызы механиктерге тиесілі болған. Hh.kz «жұмысшы персонал» бөлімінде жұмысқа шақырушы фирма монтаждаушы және слесарь-механикке 300 мың теңге төлеуге дайын, ал экскаватор-машиниске 450000 теңге ұсынады. Слесарь-сантехниктерге ПИК-тер қатырып ақша төлемейтіні белгілі, оларды құтқаратын – жеке адамдардан түсетін тапсырыс, өз тілдерімен айтқанда «шашақ», құбыр тазалау – 4-7 мың теңге, қоспалауыш кран (смеситель) қондыру ақысы – 3-4 мың теңге. Білетіндер ең бір жолы ауырлау деген сантехниктің өзі бір айда 150 мың теңгеден кем алмайтынын айтады. Enbek.kz сайтынан «Жанару» құрылыс компаниясы» ЖШС жұмыс тәжірибесі жоқ сантехникке 170 мыңнан бастап жалақы ұсынған хабарландыруды көрдік. «МЕЙП-М» ЖШС жылу беруді монтаждау, канализация жұмыстарын жасайтын мамандарды 200 мың теңге айлықпен жұмысқа шақырады. Сондай-ақ металл пісірушілер де (сварщик) жаман табыс таппайды. Танысымының айтуынша, осы күні бай адамдар арасында зәулім үйлеріне болаттан жасалатын

конструкциялар жасау сәнге айналған, ал зауыттарда дипломды металл пісірушілер 200-300 мың теңгеден жоғары айлық алады. Кафель салушы да қымбат маманға айналған. Жақсы кафельдеуші бригадала қосылмай, жеке өзіне жұмыс істейді. Олардың шаршы метр жерді кафельдеу бойынша айтқан бағасынан көзіңіз бақырайып, құлауға шақ қалуыңыз мүмкін. Сондай-ақ жабдықтаушының да (снабженец) бағасы асып тұр.

КОЛЛЕДЖДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ КӨП

Халықты жұмыспен қамту орталығы директорының орынбасары Алтынай Қосыбаеваның айтуынша, қазір аспаздарға, дәнекерлеушілерге, тіпті өрт сөндірушілерге сұраныс жоғары. Сондықтан мектеп бітіруші түлектер кәсіптік-техникалық мамандық алудан қашпауы керек. Бұл жайында мектепте мұғалімдер де көбірек айтса жұмыссыздар қатары азайып, жастар қолымен жасалатын қылмыс деңгейі төмендеді. Ал шынында, Президенттің техникалық мамандықтарды көбірек даярлауға баса мән беруінің арқасында колледждер мен кәсіптік лицейлердің артықшылықтары көп. Мысалы, елордадағы политехникалық колледж туралы айтсақ, 2019 жылы 22 мың жас лицейлер мен колледждерге техникалық және кәсіптік білім алуға қабылданған. Оларға шәкіртің, бір реттік ыстық тамақ және жол жүруге қаржылай көмек көрсетіледі. Политехникалық колледждің студенттері елордалық авто-орталықтарда сұранысқа ие. Түлектердің жұмысқа орналастырылуы қарастырылған, кепілдік беріледі. 97 пайыздық көрсеткішпен жұмыспен қамтуды есепке алғанда, түлектердің жұмысқа орналастырылуы 78 пайызды құрайды.



НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «...»
№... қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру және сайлаушылармен кездесулер өткізу орындарын белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 28-бабына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындары 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін орын-жайлар шарттық негізде 2-қосымшаға сәйкес берілсін.

3. Мыналардың:
1) «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жайлар беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 841 болып тіркелген, 2014 жылғы 11 қыркүйекте «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған);

2) «Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру орындарын белгілеу және сайлаушылармен кездесу өткізу үшін орын-жайлар беру туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 06-1499 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 2 маусымдағы № 104-1155 қаулысының (Нормативтік-құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1107 болып тіркелген, 2017 жылғы 10 маусымда «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. Көлгінов

КЕЛІСІЛДІ
Нұр-Сұлтан қаласы қалалық сайлау комиссиясының төрағасы В. Редкокашин

2020 жылғы «...»

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар

Р/с №	Орналастыру орны
Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы бойынша	
1.	Қажымұқан және А. Петров көшелерінің қиылысы («Орбита» сауда үйі ауданы)
Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы бойынша	
2.	Ш. Уәлиханов көшесі мен Абай даңғылының қиылысы («Жаннұр» сауда үйінің ауданы)
Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданы бойынша	
3.	Мәңгілік Ел даңғылы мен Д. Қонаев көшесінің қиылысы
Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданы бойынша	
4.	Бейбітшілік көшесі, № 9 үйдің ауданы («Sine Tempore» сауда үйі ауданы)

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2020 жылғы «...»
№... қаулысына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттығына кандидаттардың сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін берілетін орын-жайлар

Р/с №	Орын-жайдың орналасқан жері
Нұр-Сұлтан қаласы «Алматы» ауданы бойынша	
1.	Қ. Сәтбаев көшесі, № 2, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, акт залы
Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы бойынша	
2.	А. Бараев көшесі, № 9/2, «Тұран Астана» колледжі, акт залы
Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданы бойынша	
3.	Қабанбай батыр даңғылы, № 53, Қазақстандық Триатлон Федерациясы, мәжіліс залы
Нұр-Сұлтан қаласы «Сарыарқа» ауданы бойынша	
4.	Бейбітшілік көшесі, № 11, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты, мәжіліс залы

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ www.gosreestr.kz веб-порталында ең төмен бағаны белгілей отырып, бағаны көтеруге электронды аукцион түрінде жекешелендіру бойынша сауда-саттық 2020 жылғы 4 тамызда өтетінін хабарлайды.

Аукционның өткізілетін мерзімі: 2020 жылғы «4» тамыз сағ. 10.00-ден 17.00-ге дейін.

1. Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Н. Тілендиев даңғылы, 12 («Сәлем» автобазар ауданында) мекенжайында орналасқан, жалпы алаңы 5883,0 ш.м болатын мүлктік кешен. Бастапқы бағасы – 506 493 000 теңге. Ең төменгі бағасы – 354 545 100 теңге. Кепілдік жарнаның сомасы – бастапқы бағадан 15 %.

Мүлктік кешеннің құрамына 10 жылжымайтын мүлік объектілері кіреді:

- Кірме жол
- Автожуу
- Гараж – 2 бірлік
- Цех – 2 бірлік
- Қойма – 2 бірлік
- Әкімшілік ғимарат
- Санитарлық-сауықтыру кешені
- Автокөтергіш – 15 бірлік

Қазіргі уақытта мүлктік кешен автомобильдердің техникалық сервис станциясы ретінде пайдаланылады.

Аукционға қатысу үшін www.gosreestr.kz тізілімі веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН), тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), толық атауы, бірінші басшының тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейлі банктерде есеп шоттарының деректемелері;

4) байланыс деректері (пошта мекенжайы, телефон, факс, e-mail);

5) ұлттық куәландыру орталығымен берілген ЭЦҚ қолдану мерзімі.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде, қатысушы тізілім веб-порталына енгізілген деректерді бір жұмыс күні ішінде өзгертеді.

Аукцион қатысушысы ретінде тіркелу үшін тізілім веб-порталында қатысушының ЭЦҚ қойылған Қағидаға сәйкес форма бойынша аукционға қатысушының электронды өтінімін тіркеу қажет.

Аукционға қатысуға өтінімді тіркегеннен кейін, тізілім веб-порталымен үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болуына автоматты тексеруді жүргізеді.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болған жағдайда, тізілім веб-порталы өтінімді қабылдауды және қатысушының аукционға қосылғанын жүзеге асырады.

Сатушының есеп шотына кепілдік жарнаның түсімі туралы мәліметтердің тізілім деректер базасында болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін қайтарды.

Тізілім веб-порталының автоматты тексеру нәтижесі бойынша, өтінімде көрсетілген қатысушының электронды мекенжайына өтінімді қабылдағаны туралы немесе өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі туралы электронды хабарламаны жолдайды.

Аукцион қатысушылары аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін қолдана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен басталады.

Мемлекеттік коммуналдық мүлкті жекешелендіру ресімдері «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Аукцион нәтижелері туралы хаттама сату бағасы бойынша жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына жеңімпаз бен сатушының қол қою міндеттемесі және аукцион нәтижесін белгілейтін құжат болып табылады.

Жеңімпазбен сатып алу-сату шарты Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы бойынша құжаттардың түпнұсқасы болған кезде, аукционды өткізген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күн ішінде қол қойылады.

Бұл ретте, аукцион Жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушы мынадай құжаттардың көшірмелерін, салыстыру үшін түпнұсқаларды бере отырып немесе нотариалды куәландырылған көрсетілген құжат көшірмелерін ұсынады:

жеке тұлғалар үшін: жеке тұлғаның паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат;

заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік не анықтама;

2) заңды тұлға өкілінің өкілеттілігін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлға өкілінің паспорты немесе жеке басын куәландыратын құжат.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

Кепілдік жарнаны аудару үшін деректемелер:

1) IBAN KZ946017111000000330, БСК: HSBKZKZK, Банктің атауы: «Қазақстан Халық банкі» АҚ, КНП: 911; Кбе: 11;

Төлемді алушы (қаз.): «АҚПАРАТТЫҚ-ЕСЕПТЕУ ОРТАЛЫҒЫ» АҚИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ; БСН: 050540004455.

Анықтама алу үшін Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 632 каб. мекенжайы, 55 01 68, 55-68-15 телефоны бойынша жүгінуге болады.

2020 ЖЫЛДЫҢ 3-ТОҚСАНЫНА МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ТАҒАЙЫНДАУ ТӘРТІБІ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заңына сәйкес, отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы күнкөріс деңгейінің 70%-нан төмен болғанда (3-тоқсанында - 26385 теңге) атаулы әлеуметтік көмек тағайындалады (бұдан әрі - АӘК).

2020 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша АӘК алушыларға ағымдағы жылдың 3-тоқсанына АӘК тағайындау автоматты түрде 2020 жылдың 2-тоқсанының кірістерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері АӘК алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің қолданыстағы ережелерін ескере отырып, олар өтініш берген күннен бастап қайта есептеледі. Бұл ретте кепілдендірілген әлеуметтік топтама АӘК-ні

тағайындаған мерзіміне сәйкес ұсынылады.

2020 жылғы 2-тоқсандағы жиынтық табысты есептеу кезінде:

- бірыңғай жиынтық төлемді төлеуге байланысты 25 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі тәуелсіз қызметкерлердің табысы;
- төтенше жағдай кезінде қызметті шектеуге байланысты табысынан айырылған кездегі әлеуметтік төлемдер;
- төтенше жағдай кезеңінде азық-түлік-тұрмыстық топтамаларды сатып алуға бөлінген ақша қаражатының мөлшері;
- төтенше жағдай кезеңінде коммуналдық қызметтерді төлеу шығындарын өтеу кірістер ретінде қарастырылмайды.

Төтенше жағдай кезеңінде бірінші рет АӘК тағайындауға жүгінген отбасының (азаматтардың) өтініштері egov.kz электрондық үкімет порталының «Электрондық өтініштер» бөлімін

де электрондық сандық қолтаңба (бұдан әрі - ЭСҚ) көмегімен электрондық өтініш арқылы жүзеге асырылады.

Мысалы:

1. ЭСҚ-ның АУТН кілтін көмегімен порталға кіру;
2. Парақтың сол жағында «Электрондық өтініштер» бөлігін таңдау, әрі қарай «Онлайн сұрау» таңдау, «Құру» таңдау, содан кейін «Таныстым» батырмасын басу керек;
3. Ашылған терезеде бос бағандарды толтыру:
 - а) Пошталық адресі жазу;
 - б) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызметтің атауын таңдау;
 - с) «Нұр-Сұлтан қаласы» аймағын таңдау;
 - д) «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» қабылдаушыны таңдау;

е) Мазмұнында тіркеу аймағын, отбасы мүшелерінің санын, олардың ЖСН-ін көрсету, – «мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» жазу;

4. өтінішті тіркеу;
5. «Жіберу» басу;
6. ЭСҚ-ның RSA кілтін көмегімен қол қою.

АӘК тоқсан сайын тағайындалады. Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға байланыс құралдары арқылы электрондық түрде жіберіледі. Қажет ақпаратты мына телефондар арқылы алуға болады: 87056450638, 87056450653, 87056450671, 87056450692.

Салтанат СТАНБАЕВА,
Сарыарқа ауданы әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау бөлімінің басшысы



ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒЫНАН ӘЛСІЗ ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №82 (4051) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Кезек нөмірі	Тегі	Аты	Әкесінің аты	Кезекке қойылған күні	Санат
14371	МАКАГОН	ОЛЫҒА	СЕРГЕЕВНА	27.06.2017	Толық емес отбасылар
14372	НӨЛБАЕВА	ҰЛЖАЛҒАС	АБДУЛЛАҚЫЗЫ	27.06.2017	Толық емес отбасылар
14373	АКАШЕВА	ГУЛЬНАР	ХАМИТОВНА	27.06.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14374	ЗАМАНБЕК	АЯЖАРАҒ		27.06.2017	Толық емес отбасылар
14375	ШАИХАТДИНОВА	ТАНЗИЯ	ЗАКАРИЯНОВА	27.06.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14376	ГАЗИЕВА	ТАИСИЯ	ШАХИДОВНА	27.06.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14377	ЕСИМСЕИТОВА	ЖАМИЛА	АХМЕДИЕВНА	28.06.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14378	АКШАЛОВ	ДИАС	БОРАНБАЕВИЧ	28.06.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14379	МАНАТОВ	КАИРАТ	РАХИМОВИЧ	28.06.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14380	РАЙСОВА	УЛЖАН	САҚҚАЗИЕВНА	28.06.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14381	ХУДАЙБЕРГЕНОВА	ДИНАРА	ОМИРЗАХОВНА	28.06.2017	Толық емес отбасылар
14382	ДЖАХАНОВА	ГУЛЖАХАН	ОРАЛОНОВА	28.06.2017	Толық емес отбасылар
14383	АНАРБАЕВА	ПЕРИЗАТ	САГИНДИКОВНА	28.06.2017	Толық емес отбасылар
14384	ЖИЕНБЕКОВА	ФАРИДА	УРАЗБЕКОВНА	28.06.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14385	МОЛДЕКЕНОВА	ЗИВАЙДА	СЕЙТХАЛИЕВНА	28.06.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14386	СМАИЛОВ	АСХАТ	КУРМАШЕВИЧ	29.06.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14387	КАСИЕВА	ЖАННАТ		29.06.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14388	МУЗАРАРОВА	АСЕМ	СМАХАНОВНА	29.06.2017	Толық емес отбасылар
14389	ТОЙМЕТОВА	РАНО	МУРАТХОЖАЕВНА	29.06.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14390	ГЛАДКИХ	ВИКТОРИЯ	СТАНИСЛАВОВНА	30.06.2017	Толық емес отбасылар
14391	НУРЖАНОВА	ГУЛЬСУМ	АЛИАКБАРОВНА	30.06.2017	Толық емес отбасылар
14392	ЕСПОЛОВА	РИТА	ШӨРІПҚЫЗЫ	30.06.2017	Толық емес отбасылар
14393	БЕКЕТАЕВА	АЙГҮЛ	ТОБЫШБАЙҚЫЗЫ	30.06.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14394	ТУКИЗБЕКОВА	ГУЛМИРА	ХАСАНОВНА	30.06.2017	Толық емес отбасылар
14395	ЖОРАЕВА	БАҒЛАН	СРАИЛОВНА	01.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14396	КОНСТАНТИНОВА	ЕЛЕНА	СЕРГЕЕВНА	01.07.2017	Толық емес отбасылар
14397	УНДИРОВА	АИНУРА	ТУРДАЛИЕВНА	03.07.2017	Толық емес отбасылар
14398	МАРИНЕВИЧ	ОЛЫҒА	ДИМИТРИЕВНА	03.07.2017	Толық емес отбасылар
14399	БЕКБАУОВА	АСЕЛИМ	СЕРИКОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14400	ШАИХОВА	ГУЛЬНАР	ЖОЛДАСПЕКОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14401	МАЖЕНОВА	ДИНАРА	МАЙДАНОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14402	НУРГАЛИЕВА	АКБАЯН	КАЛМАХАНОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14403	СУЛЕЙМЕНОВ	БУЛАТ	КАМАЛОВИЧ	04.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14404	АБДЫКАЛЫКОВА	ШАРБАТ	ГАЗИЗОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14405	КУХАРЕНКО	АНАСТАСИЯ	ВЛАДИМИРОВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14406	САГИМБАЕВА	АНАР	ЖУМАҒАЗЫЕВНА	04.07.2017	Толық емес отбасылар
14407	АХМЕТОВА	АИГЕРИМ	АБЖАППАРОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14408	ЖУМАТАЕВА	ДИНАРА	ЕРМУХАМЕТОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14409	РУСТЕМ	ӘНУАР		05.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14410	БУХАРБАЕВА	ДИНАРА	КАЛАУБЕКОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14411	КАСЫМОВА	РАУАН	КАНЫБЕКОВНА	05.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14412	БАҒЖАНОВА	АИГЕРИМ	САБИТОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14413	НУРМУХАНБЕТОВ	БОРАНБАЙ	ЕРГАЛИЕВИЧ	05.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14414	БУГАЕВА	АННА	ФЕДОРОВНА	05.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14415	БАТЫРОВА	АИДА	АҒЫЖАНОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14416	ИБРАЕВА	САУЛЕШ	МАМБЕТОВНА	05.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14417	МАНКИНА	ДИНА	ХАСЕНОВНА	05.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14418	МУРАТОВА	ЭЛЬМИРА	РУСТАМОВНА	05.07.2017	Толық емес отбасылар
14419	ДАРИШЕВА	АЙГҮЛ	СЕРГЕЕВНА	07.07.2017	Толық емес отбасылар
14420	ТАСТАНДИЕВА	МАКПАЛ	АМАНГЕЛДИЕВНА	10.07.2017	Толық емес отбасылар
14421	КАИРОВА	БОТАГОЗ	КАЛИДУЛЛАЕВНА	10.07.2017	Толық емес отбасылар
14422	МАХАНОВА	АИЗАТ	СЕРІКҚЫЗЫ	10.07.2017	Толық емес отбасылар
14423	ӘБЛХАН	ӘСИЯ		10.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14424	МУСАБЕКОВА	ТУГАНАЙ	КАБУЛОВНА	10.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14425	АЗИМОВА	МАЛИКА	МАХМУДОВНА	10.07.2017	Толық емес отбасылар
14426	САРЖАНОВА	ИНДИРА	БУЛАТОВНА	10.07.2017	Толық емес отбасылар
14427	СКРИПЧЕНКОВА	ТАТЬЯНА	ПЕТРОВНА	11.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14428	СЕЙТОВА	ДАМЕЛЯ	ЖУМАГУЛОВНА	11.07.2017	Толық емес отбасылар
14429	КАРИМОВА	МАЙРА	АБДРАХМАНОВНА	11.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14430	БАЛТАБАЕВ	РОМАН	КАРТАЕВИЧ	11.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер

14431	ЖУКЕНОВ	БЕРИК	АЙТБАЕВИЧ	11.07.2017	Толық емес отбасылар
14432	НАҒАШЫБАЙ	МАРТ		11.07.2017	Толық емес отбасылар
14433	ЕРКІН	ӘСЕМ	ЕРКЕБҰЛАНҚЫЗЫ	11.07.2017	Толық емес отбасылар
14434	ТУЛЕУОВ	АДИЯР	НУРЛАНОВИЧ	12.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14435	ТАИЛАНҚЫЗЫ	КАЛИЯШ		12.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14436	АТАШЕВА	РАИХАН	БАРЗАНИЕВНА	12.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14437	ЖОЛДЫМУРАТ	ЕРКЕШ		12.07.2017	Толық емес отбасылар
14438	АБИКЕНОВА	ЖАЗИРА	КАЙРУЛЛИЕВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14439	ЛЪДЕТАЕВА	АСЕМ	КАЙРГЕЛДИНОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14440	ТЛЕУБАЕВА	АСЕМ	АБИЛЬЖАНОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14441	БЕКТУРОВА	АЙНА-ГУЛЬ	АЙТМОЛДИНОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14442	КАЛИЕВА	КАМШАТ	ТАЛГАТОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14443	ЮРКОВСКИЙ	ВИКТОР	ВЛАДИМИРОВИЧ	13.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14444	ЛЯН	ЮЛИЯ	ВЛАДИМИРОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14445	АБИЛКАЙРОВА	САМАЛ	НУРСТЕМОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14446	КОЛЧИНА	ЕЛЕНА	МИХАИЛОВНА	13.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14447	НАРЖАНОВА	ЖАЛГАС	КОИШИБЕКОВНА	13.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14448	МУХАМЕТЖАНОВА	ЖУМАЗИЯ	КАБДУЛОВНА	13.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14449	ГАББАСОВА	ЛАУРА	ЕРДУЛАТОВНА	13.07.2017	Толық емес отбасылар
14450	ИЗЮМКИНА	ИРИНА	НИКОЛАЕВНА	14.07.2017	Толық емес отбасылар
14451	СУЛЕЙМЕНОВА	НАЗГУЛЬ	МУЛТЫКПАЕВНА	14.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14452	ДЖАНБАЕВА	МАРАЛ	ЮСУПОВНА	14.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14453	МЕДВЕДЕВ	ВЛАДИМИР	ИВАНОВИЧ	14.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14454	БЕКТАЕВА	САРА	САБЫРЖАНОВНА	14.07.2017	Толық емес отбасылар
14455	БОЛЕГЕНОВА	ОРЫНКУЛЬ	КАРАЕВНА	14.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14456	СЪЕЗ	ЖАННА		15.07.2017	Толық емес отбасылар
14457	ТУГУМОВА	АРДАК	ШЫНҒЫСТАУОВНА	15.07.2017	Толық емес отбасылар
14458	ЕДРЕСОВА	ГУЛЬНАР	КАИЫРКЕНОВНА	15.07.2017	Толық емес отбасылар
14459	АСЫЛБЕКОВА	ӘСЕМГҮЛ	АСЫЛБЕКҚЫЗЫ	15.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14460	КЕНТАНОВА	АМАНГУЛЬ	НУРЖАНОВНА	15.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14461	ОРЫНБЕКОВА	АЯУЛЫМ	ПЕРНЕБЕКҚЫЗЫ	17.07.2017	Толық емес отбасылар
14462	КУЛТЕГЕЕВА	НАЗГУЛЬ	АСЛАНОВНА	17.07.2017	Толық емес отбасылар
14463	МАҒЗУМОВА	ЛАУРА	КУАНЫШБЕКОВНА	17.07.2017	Толық емес отбасылар
14464	ТҮРСЫНМӘДІ	ЖАНАРГУЛЬ		17.07.2017	Оралмандар
14465	БЕЙСЕКЕЕВА	РАХИМА	АЙТБАЕВНА	17.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14466	СЫЗДЫКОВА	ЛЯЗАТ	БОЛАТОВНА	17.07.2017	Толық емес отбасылар
14467	АБЕНОВА	ЖАННА	ОРЫНБЕКОВНА	17.07.2017	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адам
14468	ТАЛДЫБЕКОВ	ТЕМИРХАН	АБДУАШОВИЧ	18.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14469	КАЛЛЕКШОВА	БОТАГЕЗ	УРУЗАЛОВНА	18.07.2017	Толық емес отбасылар
14470	АҚЖАН	САИРАШ	САГИДЕНҚЫЗЫ	18.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14471	КАЛИЕВА	ИНДИРА	УРАЗБАЕВНА	18.07.2017	Толық емес отбасылар
14472	ОМАРОВА	ЖАНАРГУЛЬ	ГАЙДАРОВНА	18.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14473	БАЙМОЛДИНА	ЗУХРА	АМАНДЫКОВНА	18.07.2017	Толық емес отбасылар
14474	СИЗОВА	НАТАЛЬЯ	ЭДИКОВНА	18.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14475	КОИЛЫБАЕВА	АИГЕРИМ	ТОРГАЙБЕКОВНА	18.07.2017	Толық емес отбасылар
14476	ШОКАЕВА	АЙГУЛЬ	МАУЛИЕВНА	18.07.2017	Толық емес отбасылар
14477	АЗДЕНБАЕВА	АЛИЯ	АСКЕРОВНА	19.07.2017	Толық емес отбасылар
14478	БЕРКЕМБАЕВА	КУЛЬЗИЯ		20.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14479	КУЗНЕЦОВ	ВЛАДИМИР	ВЛАДИМИРОВИЧ	21.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14480	БЕЛЬГЕБАЕВ	РУСЛАН	САНДЛИТОВИЧ	21.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14481	САРСЕНБИНА	ЖАДЫРА	ШОБЕРЕНОВНА	21.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14482	ТОҒАЕВА	АЙСУЛУ	ЛЕСБЕКОВНА	21.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14483	БЕЙБИТОВА	БАҚЫТ	САРСЕНБЕКОВНА	21.07.2017	Толық емес отбасылар
14484	АХМЕТОВА	ТАТЬЯНА	ВИКТОРОВНА	21.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14485	ШВАРЦ	ЕЛЕНА	ВИТАЛЬЕВНА	22.07.2017	Толық емес отбасылар
14486	ЖУСУПОВА	АСЕМГУЛЬ	АБУОВНА	24.07.2017	Толық емес отбасылар
14487	ХАЧАИ	НАТАЛЬЯ	АЛЕКСЕЕВНА	24.07.2017	Толық емес отбасылар
14488	МУКАНОВА	ГУЛЬНАРА	КАЗИСТАЕВНА	24.07.2017	Толық емес отбасылар
14489	МУРСАЛИМОВА	АЙСУЛУ	УАКИТОВНА	24.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14490	АМЗЕЕВА	РАИХАН	АРЫНОВНА	24.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14491	СЕРИКОВА	АСЕЛ	СПАНОВНА	24.07.2017	Толық емес отбасылар

14492	АЛПЫСБАЕВ	БЕКЖАН	САЙЛАУБЕКОВИЧ	24.07.2017	Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына теңестірілген адамдар
14493	ЕСЕМБАЕВА	ЖАЗИРА	ӘДІЛХАНҚЫЗЫ	24.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14494	ШАЙГОЖАНОВА	МАНШУК	БАШАЕВНА	24.07.2017	Толық емес отбасылар
14495	АЗНАБАЕВ	БУЛАТ	НУРМАТОВИЧ	25.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14496	МАХМЕТОВА	БАТАГОЗ	БАЙЗУЛИЕВНА	25.07.2017	Толық емес отбасылар
14497	СУЛЕЙМЕНОВА	ШОЛПАН	БОЛАТОВНА	26.07.2017	Толық емес отбасылар
14498	СЫЗДЫКОВА	ҚАДИША	ҚАЛКӨЗҚЫЗЫ	26.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14499	КАБИЕВА	БОТАГОЗ	АДИЛКЫЗЫ	26.07.2017	Толық емес отбасылар
14500	МУКАШЕВА	АЛМА	ТУЛЕГЕНОВНА	26.07.2017	Толық емес отбасылар
14501	ТЕМИРБЕКОВА	РАХИМА	ШАКИРОВНА	26.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14502	КЕРИМБАЕВА	УЛДАНА	ДУИСЕНХАНОВНА	26.07.2017	Толық емес отбасылар
14503	МАГУЛОВА	ЖАНАТ	СУЛТАНОВНА	26.07.2017	Толық емес отбасылар
14504	ИСМАИЛОВА	САЛТАНАТ	САНГАЛИЕВНА	27.07.2017	Толық емес отбасылар
14505	СОЛТАНОВА	РЫСТЫ	ТУАРОВНА	27.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14506	СЕРИКБАЕВА	ДИНАРА	МАРАТОВНА	27.07.2017	Толық емес отбасылар
14507	МУРЗАГАЛИЕВА	ЖАНАР	РАХИМБЕКОВНА	27.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14508	ФУРМАН	МАРИЯ	СЕРГЕЕВНА	27.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14509	ВЛАСОВА	НАТАЛЬЯ	ВИКТОРОВНА	27.07.2017	Толық емес отбасылар
14510	ОМАРОВА	САЛТАНАТ	АЙТПАЕВНА	28.07.2017	Толық емес отбасылар
14511	ДОГОРЯН	ВАЛЕНТИНА	НИКОЛАЕВНА	28.07.2017	1 және 2 топтағы мүгедектер
14512	ИБРАГИМОВА	УЛЖАН	ХАЛЫКБЕКОВНА	28.07.2017	Толық емес отбасылар
14513	ТАШМУХАМБЕТОВА	КАНЫМКҮЛЬ	РАМАЗАНОВНА	28.07.2017	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
14514	АБДРАСУЛИЕВА	КАРАКОЗ	АЙДАШОВНА	29.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14515	АЯЗБАЕВА	КУЛЬНАЗИЯ	КЕНЖЕБУЛАТОВНА	29.07.2017	Мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылары
14516	ЩЕЛКУНОВА	ОЛЫҒА	ВАЛЕРЬЕВНА	30.07.2017	Толық емес отбасылар

Жетінші маусымның жетістігі

» Елордадағы сәулеті мен әсемдігі үйлескен «Астана Опера» театры жетінші маусымды табысты аяқтады. Алайда елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты көрермендер іргелі өнер ордасының бірқатар жаңа туындыларды тамашалай алмады. Бұйырса, осы кезеңге жобаланған Г.Доницеттидің «Дон Паскуале», «Махаббат сусыны» опералары мен талантты композитор Т.Қажығалиевтің музыкасына жазылған «Дала үні» балетінің премьерасы сегізінші маусымда қойылады.

Жетінші маусымда театрдың шығармашылық ұжымы жұртшылыққа 185 іс-шара ұйымдастырды. Бұдан бұлғындар да шет қалған жоқ, оларға арнап жиырма шара өткізді.

Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен театр осы маусымда үш премьераны сахнаға шығарды. Нақтырақ айтқанда, былтырғы 11-13 қазан күндері Дж.Вердидің «Дон Карлос» операсы қойылды. Бұл туындының жарыққа шығуына дарынды дирижер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Алан Берібаев көп еңбек сіңірді. Екінші – 22-23 қарашада Л.Делибтің «Копелия» балеті көрерменге жол тартты. Бұл балетті театрдың жетекші солистері француздық әзілде орындады. Үшінші – биылғы 14-15 ақпан күндері Л.Бетховен, И.С.Бах, В.А.Моцарт, Й.Гайдн, Д.Хаубрихтің музыкасына «Бетховен – Мәңгілік – Махаббат» балеті сахналанды. Бұл туынды ұлы композитор Людвиг ван Бетховеннің 250 жылдығына арналды.

Еліміздегі бірегей өнер ордасы әлемдегі опера және балет театрларымен жақын байланыс орнатқан. Осы маусымда театр гастрольдік сапармен Санкт-Петербург қаласында өткен IV халықаралық камералық опера фестивалі аясында көрермендерге Дж.Россинидің «Жібек саты» опера-фарсын тарту етті. Сондай-ақ талантты әнші Д.Хворостовский атындағы Красноярск мемлекеттік опера және балет театрында отандық әртістер П.Чайковскийдің 180 жылдығына арнап, оның «Евгений Онегин» опералық жауһарын ұсынды. Сонымен бірге театрдың талантты әртістері көптеген халықаралық жобаларға қатысып, бекзат өнер ордасының беделін көтерді.

Карантин уақытында театр 15 онлайн-жобаны жүзеге асырып, жұртшылыққа TENGRI TV-ден 41 спектакль көрсетті. Әртістер «Карантиндегі жұлдыз» жобасына да белсене қатысты.

Театрдың алдағы сегізінші маусымы да көрермендер үшін жақсы жаңалықтарға толы болмақ.



СӨЗ ҚИСЫНЫ

ЖАН-ЖАНУАРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕР

- Мал ариды.
- Мал жүдейді.
- Мал үркеді.
- Мал тоғаяды.
- Мал тыныстайды.
- Мал оттайды.
- Мал, аң малтиды.
- Аң, құс түлейді.
- Мал семіреді.
- Малды буаз дейді.
- Мал төлдейді.
- Аң балалайды.
- Балық уылдырық шашады.
- Құс жұмыртқалайды.
- Төл аяқтанады, ауызданады.
- Күшік бауырын көтереді.
- Соқыр (мысық баласы) көзін ашады.
- Мал күйлейді.
- Құс шағылысады.
- Қасқыр, ит ұйығады.
- Мысық мауығады.
- Айғыр шабады.
- Аң айқасады.
- Інген қайиды.
- Бие айғырдан шығады.
- Сиыр, қой, ешкі қашады.
- Жүйрікті баптайды.
- Бүркітті баулиды.
- Түйені жүндейді.
- Жылқыны күзейді.
- Қойды қырқады.
- Ешкіні тарайды.
- Жылқы жусайды, үйедейді.
- Басқа мал күйсейді.
- Түйе шөгеді.
- Түйе тарпиды.
- Жылқы тебеді.
- Мал қасынады.
- Құс таранады.
- Балықты аршиды.

(Этнограф-жазушы Сейіт Кенжеахметұлы мұрасынан)

ТҮРКСІБ ТАРИХЫН БІЛЕСІЗ БЕ?

» Егер одан хабарыңыз аз болса, оны жақынырақ білуге мүмкіндік туып тұр. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы Түркістан – Сібір магистралының тоқсан жылдық мерейтойына орай «Сіз Түркісті білесіз бе?» атты виртуалды викторина бастау алғанын жариялады.

Бұл байқау 13-19 шілде аралығында өтеді. Оған қатысушылар үшін қойылған сұрақтың жауабын өткізу мерзімі 24 шілде деп белгіленген. Ал 27 шілде мен 7 тамыз аралығында сайыстың қорытындысы шығарылып, топтан озған жүйріктер марапатталады. Бұған қатысам деген азаматтар төрт жауап нұсқасы бар жиырма бес сұраққа жауап беруі керек.

Жеңімпаздар сыйлықты бонус ретінде алады. Мәселен, бірінші орын алған жүлдегер биылғы 31 желтоқсанға дейін кез келген күн-

ге еліміздің аумағы бойынша барып және кері қайтуға «Тальго» коммерциялық пойыздарының «Гранд» класты вагонымен жол жүруге 99 пайыз көлемінде жеңілдік алады. Екінші орын алған адам «Бизнес» класты вагонымен жол жүруге 99 пайыз көлемінде жеңілдікке қол жеткізсе, үшінші орын алғанға «Турист» класты вагонымен жол жүруге 99 пайыз көлемінде жеңілдік жасалады.

Жобаны ұйымдастырушылар бұл сайыс арқылы жұртшылықты Қазақстан темір жолының терең тарихын білуді көздеген.

АФИНА МАРАФОНЫ ЖЫЛ СОҢЫНДА ӨТЕДІ

» Афина марафоны мен жартылай марафоны әлеуметтік арақашықтық сақтай отырып, биыл жоспарланған уақыттан кеш ұйымдастырылады, деп хабарлайды Ұлттық Олимпиада комитетінің баспасөз қызметі.



Марафон 8 қарашада өтеді. Ал жартылай марафон 20 қарашаға жоспарланған.

Греция үкіметі корона-вирус індетімен күресте оң нәтижеге қол жеткізіп, 5000 қатысушыға рұқсат берді. Сондықтан биылғы марафон екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңге – 5000, екінші кезеңге – 5000 қатысушыдан жіберіледі. Биылғы марафонға әлемнің үздік жүгірушілері шақырылмайды.

Бетті дайындаған Азамат **ЕСЕНЖОЛ**



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДИЛОВ**

Бас редактордың міндетін атқарушы – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Апталық таралымы – 15 000

Тапсырыс №83

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы,

Сілеті көшесі, 30.

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru